



KERЕК DEREK

Қазақстанда Конституция есімі берілген 1 адам тұрады, сондай-ақ Атазаң мен Заң есімді бір-бір тұрғыннан бар. Дауыс есімін иеленген 2 адам тұрады. Ең көп таралғаны – сайлауға байланысты аттар. Сайлау есімі 2003 адамға қойылса, олардың жартысына жуығы – 50 жастан аскандар.

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ТЫҢ ЖЕТІСТІКТЕР МЕН ТАБЫСТАР БАСТАУЫ

Астанадағы «Қазмедиа орталығының» студиясында Exit poll нәтижелері таныстырылғаннан кейін Мемлекет басшысы мәлімдеме жасады.

– Бүгін – Қазақстан үшін тарихи күн! Еліміздің азаматтары конституциялық реформаны қолдап, референдумға белсенді түрде қатысты. Отанымыздың болашағын ойлап дауыс берді. Бұл – өте жақсы оқиға. Қазір ғана Exit poll-дың нәтижелері шықты. Соған сәйкес, қазақ елі түбегейлі тарихи таңдауын жасады. Халқымызға шынайы ризашылығымызды айтқым келеді. Бүгін жұртымыз дауыс беріп, Қазақстанның тарихын, тағдырын айқындады. Бұл шешім дүниежүзі тарихында мәңгі сақталды. Бұл мәселе бойынша ешқандай күмәнім жоқ. Өйткені бұл – азаматтарымыздың бойындағы нағыз отаншылдық

нышаны. Енді жыл сайын 15 наурызды – Конституция күні, яғни еліміздің ең басты мерекесінің бірі ретінде қарсы аламыз. Себебі Қазақстан халқы жанару мен жаңғыру үшін дауыс берді. Бұл – біздің бәрімізге ортақ жетістік. Баршанызды шын жүректен құттықтаймын! – деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаев жалпыұлттық референдум аса жоғары деңгейде өткенін, ашық әрі әділ болғанын айтты. Президенттің пікірінше, барлық заң талаптары мен демократиялық нормалар қатаң сақталды. Мұны еліміздің және шетелдің байқаушылары да айтып отыр.

► 2



REFERENDUM

МЕМЛЕКЕТТІЛІГІМІЗДІҢ МЫЗҒЫМАС ТҰҒЫРЫ

Бұл күні өңір тұрғындары таңмен таласа тұрып, мерекеге баратындай әдемі киініп, сайлау учаскелеріне жеткенше асықты. Оның өзіндік себебі бар. Жалпыхалықтық референдумның күн тәртібіне шығарылған жаңа Конституцияның жобасы ашық талқылаулар барысында шын мәнінде халықтық сипатқа ие екенін, өзгерістер қоғам сұранысына сай келетінін жұртшылық іштей бағамдаған. Аумақтық референдум комиссиясының мәліметі бойынша өңірде 364767 азамат (қала бойынша – 157493) дауыс берушілер тізіміне енгізілген, одан 4145-і – алғаш дауыс беретіндер. Барлығы 596 референдум комиссиясы құрылған, 15-і – аумақтық, 581-і – учаскелік. Олардың құрамына 3382 адам тартылған.

► 3

TOLĠANDYRAR TAQYRYP

ТҰРҒЫНДАР БІРІКПЕЙ, ТҮЙІН ШЕШІЛМЕЙДІ

Жыл өткен сайын өңірдегі көпқабатты үйлердің сәні кетіп, ғимараттар ескіріп барады. Кеңес кезінде салынған үйлер тұрғындар үшін қауіпсіз, жайлы болуы үшін күтім қажет. Төбесінен су сорғалап, терезесінен жел үрлеп, есігі сықырлаған ескі құрылыстың күндердің күні адам өміріне қауіп төндіруі де ғажап емес. Мұндай жағдайдың алдын алу, ең алдымен, сондағы тұрғындардың өзіне байланысты.



► 7

BÄREKELDI!



ЕРБОЛ ХАМИТОВ – ПАРАЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ!

28 жастағы жерлесіміз Ербол Хамитов Италияда өткен қысқы Паралимпиада ойындарында алтын медаль жеңіп алып, ел мерейін үстем етті. Бұл жеңіс еліміздің тарихындағы маңызды жетістіктердің бірі ретінде бағаланып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 10 наурыз күні Қазақстан құрамасының туын жерлесімізге сеніп тапсырған болатын. Ол өзіне артылған үмітті ақтады, парабиатлоннан 4,5 шақырым қашықтықтағы із қуу сайысында тамаша нәтиже көрсетіп, Паралимпиада чемпионы атанды. Ербол үшін бұл – осы жарыстағы екінші медаль. Бұған дейін ол пара шаңғы додасында қола жүлде иеленген еді.

► 12



ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ТЫҢ ЖЕТІСТІКТЕР МЕН ТАБЫСТАР БАСТАУЫ

1-бетте

— Азаматтар жасаған таңдаудың түпкілікті қорытындысын заңға сәйкес Орталық референдум комиссиясы ресми тәртіппен шығарады. Бірақ қазірдің өзінде Қазақстан халқы ынтымақ пен бірліктің, патриотизмнің, Отан тағдырына ортақ жауапкершіліктің керемет үлгісін көрсетті деп айта аламыз. Азаматтарымыздың басым бөлігі Өркендеу, әділет, Заң мен Тәртіп, Табиғатты аялау және Тазалық жолын таңдады. Бұл — өте жақсы жол. Жаңа Конституция елімізді тың жетістіктер мен табыстарға бастайды. Бұған ешқандай күмән жоқ. Дауыс берушілер саны бойынша ең жоғары рекордтық көрсеткіш тіркелді. Мұндай жағдай көптен бері болмап еді. Участкеге келіп, азаматтық ұстанымын анық білдірген баршаға алғыс айтамын. Осы арқылы күллі әлемге қазақ қоғамының саяси мәдениеті жоғары екенін паш еттік. Бірлік бар жерде

тірлік бар. Бірлік бар жерде өркендеу бар. Елдің қуаты — бірлікте. Бізге татулық пен достық, сабырлық пен табандылық, жасампаздық пен ұқыптылық, еңбекқорлық пен сенімділік ауадай қажет. Сонда ғана озық, дамыған, бәсекеге қабілетті ел боламыз, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан халқы қолдаған, жаппай дауыс берген Конституция — еліміздің темірқазығы.

— Жаңа Конституция — Тәуелсіздік пен егемендік тірегі. Ата заңымыз — адам құқығы мен бостандығының мызғымас кепілі. Біз бір ел болып Заң мен тәртіп сақталатын, жауапты және жасампаз азаматтары бар әділетті қоғам құру жолында маңызды қадам жасадық. Осылайша бүгін ұлт тарихының жаңа парағын аштық. Алда ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Ең бастысы, халқымыз түбегейлі өзгерістерді барынша қолдайды. Біз ортақ мүдде

жолында күш біріктіріп, келер ұрпаққа Өркеніетті, Озық Қазақстанды аманат етеміз. Мен бұған кәміл сенемін. Осы референдум кезінде жастар белсенді түрде сайлауға қатысты. Жастарымызға мың да бір рақмет! Жастарымыздың даусы, үні өте жақсы естілді. Әрқашан аман болыңыздар! Қазақ елінің қасиетті Тәуелсіздігі мәңгі болсын! Отанымыз — Қазақстан Республикасы жасай берсін! Жаңа Конституциямыз құтты болсын! — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Еуразиялық интеграция институты жариялаған бірінші Exit poll нәтижелері бойынша ел азаматтарының 86,7 пайызы бюллетеньде «Иә, қабылдаймын» деп жауап берген.

Интеграция институты еліміздің 17 өңірі мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларында референдум учаскелеріне барып, дауыс берген азаматтар арасында сауалнама жүргізген.

«Сауалнама 200 референдум учаскесін қамтыды. Оның ішінде 129-ы қалада, 71-і ауылды жерде орналасты. Сауалнамаға жалпы 30 мың респондент қатысты. Оларға арнайы даярланған сұхбат алушылар «face-to-face» әдісі арқылы сауал қойды. Зерттеу нәтижелерінің қателігі 1%-дан аспайды. Күні бойы жеті өлшем жүргізілді. Аралық қорытындылар 09:00-де, 10:30-да, 12:30-да, 14:30-да, 16:30-да, 18:30 және 20:30-да жасалды», — делінген институт мәлімдемесінде.

Дауыс берушілерге «Сіз жаңа Конституцияны қабылдайсыз ба?» деген сұраққа қай жауап нұсқасын таңдадыңыз?» деген бір ғана сұрақ қойылған. Exit poll нәтижелеріне сәйкес, респонденттердің 86,7 пайызы «Иә, қабылдаймын» деп жауап берген. Референдумға азаматтардың 75,3 пайызы қатысты.

(«Egemen Qazaqstan»,
16 наурыз 2026 жыл).

АТАМЕКЕНДЕГІ АЛҒАШҚЫ ТАҢДАУ

Бала күнімде кітаптан не болмаса газет-журналдан атамекен деген сөзді оқи қалсам, жүрегім толқып, ата-бабаларымыздың ізі сайрап жатқан Қазақстанға қарай елендей беруші едім. Туған елге көшуді аңсадым. Бұл арманым 2023 жылы орындалды. Есіл ауданындағы Николаевка ауылына қоныс аудардық. Бүгінде бұл елді мекенде Қытай, Иран елдерінен келген 30 қандас тату-тәтті тұрып жатыр.

Бұрын Қытайда тұрдым. Жат жерде жүрсек те, ана тіліміз бен салт-дәстүрімізді көзіміздің қарашығындай сақтадық. Бала-шағамның өз елінде өсіп келе жатқаны қуантады.

Қазақстанның жаңа Конституциясының әзірленіп жатқанын естігенде ерекше тебіренгенімді жасырмаймын. Өйткені Ата заң — елдің ғана емес Қазақстанды Отанына байлайтын әр адамның бақытты өмір сүруіне алғышарт жасайтын маңызды құжат. Атамекендегі саяси науқанға алғаш рет қатысқанымды мақтанышпен айтамын. Референдум күні танертең бәріміз бір отбасыдай жиналып, ұлттық киім киіп, дауыс беруге келдік. Бұл — мен үшін ерекше әрі тарихи сәт. Қазақстанның азаматы болғаннан кейін өз құқымызды пайдаланып, таңдау жасағаныма разымын.

Мен республикалық телеарналардағы ақпараттарды, газеттегі мақалаларды қалыс қалдырмауға тырысамын. Елдік деңгейде атқарылып жатқан істерге іштей сүйсініп отыратынымыз жалған емес. Бүгінде елімізде еңбек етемін, нәпақамды адалынан табамын, білімді шыңдаймын, кәсіппен айналысамын деген адамға барлық мүмкіндік жасалған. Мұның бәрі айбарлы Ата заң аясында мүмкін болып отыр.

Осыдан үш жыл бұрын Қазақстан топырағына табанымыз алғаш тигенде «Ертеңіміз қалай болар екен?», «Бізді қалай қарсы алады?» деген сұрақтар көңілге маза бермегені рас. Отандастарымыз бізді жылы қарсы алды. Осыдан-ақ еліміздің әрбір тұрғынының кенпейіл екенін аңғаруға болады.

Мен бүгінде мал шаруашылығымен айналысамын. Қорамда төрт түліктің бәрі бар. Алдағы уақытта мемлекеттік бағдарламаға қатысып, түйе басын көбейткім келеді. Былтыр жазда ауыл маңына екі киіз үй тігіп, бие байладық. Жаз бойы құрт, май, ірімшік саттық.

Бүгінде Николаевка ауылында шеттен көшіп келген 35 отбасы, 200-ге жуық адам тұрып жатыр. Олардың қатарында қандастардан бөлек, еліміздің оңтүстік өңірлерінен келгендер де бар. Қоныс аударғандардың басым бөлігі мал шаруашылығымен айналысып, ауылдың тұрмысын жақсартуға үлес қосып отыр.

Токтарбек АЛАШБЕКҰЛЫ,
Николаевка ауылының тұрғыны.
Есіл ауданы.

БОЛАШАҒЫМЫЗ ҮШІН ДАУЫС БЕРДІМ

Биыл — мен үшін ерекше жыл. Жаңа Конституция жобасын қабылдауға арналған жалпыхалықтық референдумға қатысып, алғаш рет таңдау жасау бақытына ие болдым. Әрбір азаматтың дауысы аса маңызды. Сондықтан біз ел тағдыры шешілетін науқанға бейжай қарамауымыз қажет. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан атындағы №25 орта мектепте ор-

наласқан №611 референдум учаскесіне барғанда бойымды мақтаныш сезімінің баурап алғанын жасырмаймын.

Анам үйден шығарда саяси науқанға баратын адам өз болашағы үшін ғана емес, мемлекетінің келешегі үшін дауыс беретінін айтқан еді. Сондықтан таңдау жасамас бұрын халыққа алдын ала ұсынған Ата заң жобасымен толық таны-

сып шықтым.

Биыл мектеп бітіріп, таңдаған мамандығым бойынша жоғары оқу орнына түспекпін. Болашақта елімнің бақытты ертені үшін қызмет еткім келеді.

Дарина ЕЛПАНОВА,
Назарбаев зияткерлік мектебінің
12-сынып оқушысы.

1-бемме

Облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов №595 дауыс беру учаскесіне келіп, өзінің азаматтық ұстанымын білдірді.

«Баршанызды бүгінгі ұмытылмайтын, есте қалатын айтулы оқиғамен құттықтаймын. Қабылданатын Ата заң еліміздің болашағы мен жас ұрпақ игілігіне қызмет ететіндіктен, әр дауыс маңызды. Саяси шарадан солтүстікқазақстандықтар да қалыс қалмайды деген сенімдемін. Жаңа Конституция – бұл тек басты заңның мәтініне енгізілген толықтырулар ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің, экономиканың және билік институттарының дамуына негіз қалайтын басты тетік десек, қателеспейміз. Жаңа кезеңге қадам басып отырған тұста негізгі ұстаным Әділетті Қазақстанды берік орнықтыру болып табылады», – деген Ғауез Торсанұлы осы учаскеде алғаш дауыс беретін 23 жастың бірі – Сабина Салтықованы саяси таңдау жасауымен құттықтап,

лаптары аясында өтуде. Комиссия мүшелері хаттамалармен таныстырды, бекітілген рәсімдер қатаң сақталуда. Заң бұзушылықтар байқалса, арнайы «бақылаушы дәптеріне» жазамыз. Топта үш адамбыз», – деді Александр Штро.

№595 референдум учаскесінің төрағасы Қанат Сәдуақасовтың айтуынша, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін арнайы бұрыш, бөлек кабина жабдықталған. Жүріп-тұруы қиын 11 адам үйде дауыс беруге өтініш білдірген. Біз келгенде мұнда тіркелген 1290 сайлаушының он пайыздан астамы өз таңдауларын жасапты. Солардың бірі Аманжол Нұртаевпен тілдестік.

– «Кенесіп пішкен тон келте болмас» дегендей, негізгі заң жобасына енгізілетін баптар жарты жыл бойы жан-жақты зерде-



МЕМЛЕКЕТТІЛІГІМІЗДІҢ МЫЗҒЫМАС ТҰҒЫРЫ



Мағжанның кітабын тарту етті. Жуырда ғана 18 жасқа толған бойжеткен толқынысын да, қобалжуын да барынша сездірмеуге тырысты. М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде оқитын оның арманы – орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі болу.

Тәуелсіз байқаушылар санатында жүрген Александр Штро саяси науқандарға белсенділікпен қатысып жүр. Биыл да осы әдетінен жаңылмапты.

«Дауыс беру үдерісі заң та-

леніп, ақылға қонымды ұсыныстардың бәрі ескерілді. Оған конституциялық комиссияға келіп түскен он екі мыңға жуық өтініш дәлел. Еліміздің ұзақмерзімді тұрақты дамуына жол ашатын саяси құжат қолдауға әбден лайық, – деген Аманжол Сәйтұлы дауыс беруге әркез әулетімен баратынын, бұл жолы да зайыбы, екі қызы және күйеу баласымен келгенін айтты.

Осы учаскеде облыс әкімінің орынбасарлары Марат Тасмағанбетов пен Жүсіп Жұмағұлов,

қала әкімі Серік Мұхамдиев те өз таңдауларын жасады.

Парламент Сенаты Төрағасының орынбасары Ольга Перепечина Ғ.Мүсірепов атындағы облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында орналасқан №577 референдум учаскесінде жалпыға ортақ парызын орындады. Мұнда тіркелген сайлаушылардың саны – 1500. Саяси шаралар кезінде тұған жер төсіне ат басын бұру Ольга Валентиновнаның бұлжымас әдетіне айналған.

Осы күні өңірімізде жұмыс сапарымен жүрген Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров азаматтық борышын Қызылжар ауданына қарасты Якорь ауылындағы сайлау учаскесінде өтеді.

«Бүгін – ел болашағы үшін өте маңызды күн. Конституцияның жаңа нұсқасын мемлекетіміздің алдағы жылдарға арналған даму стратегиясының бағытын айқындайтын басты құжат деп есептеймін», – деді Айдарбек Сейпілұлы.

Осы күні бірнеше дауыс беру учаскесін аралап шықтық, қай-қайсысында болсын жаңа Конституцияны қабылдау бойынша референдумның нағыз қызған шағына дөп келіппіз. №662 учаскенің есігін алғашқылардың қатарында кикбоксан әлем кубогының бес дүркін жеңімпазы Аслан Асылбеков ашыпты. Ол ел тағдыры шешілетін маңызды шарадан шет қалмауды құп көрген. Перинаталдық орталықтағы №625 учаскеде дәрігерлердің бақылауында тұрған, яғни жүкті және босанған 49 әйел үшін дауыс беретін тасымалдау жәшігі ұйымдастырылған. №581 учаскеде алғаш таңдау жасаған 10 жасқа сый-сияпат көрсетілген.

Есіл ауданында өткен саяси науқанға қоғамның түрлі сала өкілдері белсенділікпен қатысты. Солардың алдыңғы қата-

рында «Құрмет» орденінің иегері, «Достық» шаруа қожалығының жетекшісі Руслан Қозбаев сияқты беделді азаматтар да болды. Қазақстанның Еңбек Ері Мұрат Қаражұманов Мамлют ауданындағы №353 референдум учаскесіне зайыбымен, балаларымен және жиен-немерелерімен бірге ұлттық киім киіп келді. Бұл күннің ерекше атмосферасын домбыраның қоныр үні толықтырды. Отбасының 30-дан астам мүшесі өмірін ауыл шаруашылығына арнаған. Олардың жалпы еңбек өтілі – 600 жыл. Осы ауданда 29 учаске орналасқан. Ақжар аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Әлия Бекболатовамен хабарласқанымызда еліміздің болашағын айқындайтын саяси оқиға жоғары деңгейде өтіп жатқанын жеткізді. Мұнда дауыс берушілердің саны 8 мыңның үстінде. Учаскелер саны – 26. Аққайың ауданына қарасты Дайындық ауылының 124 тұрғыны түске дейін толық дауыс беріп, кезекті мәрте бірліктің үлгісін көрсеткен. Шал ақын ауданының Ортақкөл елді мекенінде тұратын, былтыр «Мерейлі отбасы» байқауында жеңімпаз атанған Өзбековтер әулеті де референдумнан шет қалмады. Уәлиханов ауданы Қарасу ауылдық округіне қоныс аударған қандастарымыз алғаш рет өз дауыстарын берді. Мұндай жарқын мысалдар аз емес.

Облыс бойынша халықаралық байқаушылардың жалпы саны 359 адам болды. Референдумның ашықтығын бақылауға келгендер қатарында ТМД-ның байқаушылар миссиясы, ТМД Парламентаралық ассамблеясының байқаушылар тобы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюроның миссиясы, ШЫҰ-ның байқаушылар миссиясы, Түркі мемлекеттері ұйымының халықаралық байқау миссиясы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі, басқа да халықаралық құрылымдардың өкілдері бар.

Тұтастай алғанда, ел бойынша да, өңірімізде де референдум жалпыхалықтық қолдау тұрғысында өтті, айтарлықтай заң бұзушылықтар тіркелген жоқ. Демек, қазақстандықтар ел тағдырына бейжай қарамайды деген сөз.

Өмір ЕСКАЛИ,
«Soltistik Qazaqstan».

МЕРЕКЕЛІК СИПАТТА ӨТТІ

Жаңа Конституцияны қабылдауға арналған жалпыұлттық референдум жұртына жанашыр азаматтардың басын қосқан халықтық саяси науқанға айналды. Түгел елді елең еткізген саяси оқиғаға Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғындары да белсене қатысты. Ауданда референдум мерекелік сипатта өтіп, түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды.

Референдумға орай сайлау учаскелерінде жәрмеңке өтіп, тұрмыстық ма-

нызы бар азық-түліктер тиімді бағамен сатылды. Тұрғындар таңдау жасап қана қоймай, қоржындарын азық-түлікке толтырып, үйлеріне көңілді қайтты. Сатушылар 10 тауар түрін, атап айтқанда, ұн, май, кант, макарон, қарақұмық пен күріш бағасын күндегіден арзанға саудалады.

Бұл күні Булаево қаласындағы №205 сайлау учаскесінде «Отбасымен дауыс береміз» акциясы өтті. Таңдау жасауға жары мен балаларын ерте келген жан-

дарға сыйлықтар табысталды. Бұл – аталған науқанның тұтас ел үшін ғана емес, әр отбасы үшін маңызды жиын екенінің айғағы.

Референдум Наурызанама онкүндігінің «Қайырымдылық және игі істер» күніне сәйкес келгендіктен, еріктілер де аталмыш іс-шарадан шет қалмай мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен қарттардың таңдау жасауына көмек көрсетті. Белсенділер егде жастағыларды учаскелерге тегін тасымалдады.

Референдум – әр азаматтың Отанына деген адалдығы мен белсенділігі көрінетін сәт. Халықтың таңдауы еліміздің ұзақ жылғы болашағына әсер ететіндіктен, қоғамның бар мүшесі өзіне жүктелген жауапкершілікті сезінуі қажет. Мағжандықтар бұл науқанға белсене қатысып, таңдау жасау арқылы өз азаматтық ұстанымдарын білдірді.

Еркебұлан ЕЛУБАЕВ,
Мағжан Жұмабаев ауданы.

Халқымыздың бағзыдан бүгінге жеткен айрықша мейрамының бірі – Амал мерекесі. Көктемнің сәруар шуағына шомылып, жұртшылықтың ақжарқын көңілімен көмкерілетін Амал күні – ұлыс мейрамының бастауы. Еліміздің батыс өңірінде ежелден Көрісу күні ретінде тойланатын мереке бүгінде жалпыхалықтық сипат алып, ел көлемінде сән-салтанатымен аталып өтіліп жүр. 14 наурыз күні Петропавлда ұйымдастырылған іс-шараға жиналғандардың қарасы қалың болды.

Қарасай мен Ағынтай батырлардың ескерткішінің алдынан басталып, Тәуелсіздік стелласына дейін жалғасқан шеруге облыс жұртшылығы, өңір өнерпаздары, қоғам белсенділері қатысты. Бұл мереке «Наурызнама» онкүндігінің басталғанын білдіреді. Соңғы жылдары Мемлекет басшысының бастамасымен Наурыз мейрамын тойлау жаңа форматта ұйымдастырылып, ұлттық дәстүрлерді жаңғыртуға және дәріптеуге ерекше ден қойылуда.

Көрісу – ел бірлігін нығайтатын, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетілетін, адамдар арасындағы сыйластық пен татулықты айшықтайтын ерекше күн. Дәстүр бойынша бұл күні ағайын-туыс, көрші-қолаң бір-бірінің үйіне барып, амандасып, «Бір жасыңмен!» деп ізгі тілектерін білдіреді. Бұл күні мыңнан астам қала тұрғыны көшеге шығып, мерекені ерекше көңіл күймен атап өтті. Көктемнің басты мейрамы қарсаңында өңірде ондаған мәдени іс-шара мен түрлі акция ұйымдастыру жоспарланған. «Наурызнама» мерекелік онкүндігінің әр күні ұлттық құндылықтар-



КҮЛІМДЕСІП, КӨРІСІП, ҚҰШАҚТАСЫП...



ды, салт-дәстүрлерді және қоғамдық бірлікті насихаттауға арналмақ.

Облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы ұйымдастырған шеру барысында қыран құстар, тазы иттер көпшілік назарына ұсынылып, халқымыздың саятшылық дәстүрі кеңінен насихатталды. Ақан сері

атындағы облыстық филармонияның, Сәбит Мұқанов атындағы казак сазды-драма театры мен Ерік Асқаровтың есімін иеленген акындар орталығының өнерпаздары ән шырқап, «Көрісу күні құтты болсын!» деп бір-біріне ақжарма тілектерін жеткізді. Бұл мерекелік іс-шара ел бірлігін нығайтып, ұлттық салт-дәс-

түріміздің қадір-қасиетін ұлықтауға бағытталды. «Біздің ата-бабаларымыз Амал мерекесінде бір-біріне амандық тілеп, татулық пен берекені дәріптейтін болған. Осынау игі дәстүрдің жалғасын тауып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқаны қуантады. Көрісу күнін ақ ниетпен, ізгі тілекпен атап өтіп жатқан баршаның зор денсаулық, бақ-берекесі, әр шаңыраққа тыныштық пен татулық тілеймін. Халқымыздың игі дәстүрлері баршамызды одан сайын жақындастырып, достықты, өзара құрмет пен бірлікті нығайта берсін», – деді облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов құттықтау сөзінде.

Игі іс-шарада облыстың құрметті азаматы Тілек Әбдірахманов ақ батасын берсе, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ескендір

Елеусізов, М.Қозыбаев атындағы СҚУ-дың студенттермен жұмыс істеу департаментінің жетекшісі Юлия Семёнычева жүрекжарды лебізін білдірді.

Самрат ҚҰСКЕНОВ,
«Soltüstik Qazaqstan».
Суреттерді түсірген
Шыңғысхан БЕКМҰРАТ.

QҰРЫЛЫС

БАЛАБАҚША САЛЫНЫП ЖАТЫР

Өңірде әлеуметтік маңызы бар нысандар салынып жатыр. Облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов бірқатарының құрылыс жұмыстарымен танысты.

«Қазақстан халқына» қорының қаржыландыруымен Петропавлда 280 орындық балабақшаның іргесі қаланды. Жаңа балабақша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы орын тапшылығын едәуір азайтуға мүмкіндік бермек. Нысанның құрылысы қыркүйек айында аяқталады деп жоспарлануда.

Сонымен қатар Универсальная көшесіндегі жаңа көпірдің құрылысын тексерді. Нысанның дайындығы 85 пайызды құрап отыр. Қазір жаю жүргізіліп жолдарын бетондау және қоршаулар орнату жұмыстары жүргізілуде. Жаз уақытында асфальт төсеу және абаттандыру жоспарланған.

Қызылжар ауданындағы Бескөл ауылында бір ауысымда 250 келушіні қабылдайтын емхана салынып жатыр. Жоба Ұлттық қор қаражаты есебінен жүзеге асырылуда. Жаңа медициналық нысан аудан тұрғындары үшін алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Өңір басшысы құрылыс жұмыстарының сапасын қамтамасыз ету үшін техникалық қадағалау қызметіне барлық жұмыстарды қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

QARJY NARYǴY

ИПОТЕКА НАРЫҒЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІС

Еліміздің ипотекалық нарығына маңызды өзгеріс енгізілуде. Осы жылдың наурыз айынан бастап екінші деңгейлі банктер де тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі бойынша ипотека бере алады. Бұған дейін мұндай механизм негізінен Отбасы банк арқылы ғана жүзеге асырылып келген. Мамандардың пікірінше, бұл өзгеріс нарықтағы бәсекені күшейтіп, қарыз алушылар үшін мүмкіндіктерді кеңейтеді.

2026 жылғы 16 қаңтарда «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы» Заңға өзгерістер енгізілген болатын. Соның нәтижесінде тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесіне қа-

тысу мүмкіндігі екінші деңгейлі банктерге де берілді. Бұл өзгерістер 2026 жылдың 19 наурызынан бастап күшіне енеді. Осы уақыттан бастап қазақстандықтар тұрғын үйге арналған жинақ шоттарын тек

Отбасы банкте ғана емес, басқа да коммерциялық ұйымдарда ашып, ипотекалық несие рәсімдей алады.

Жаңашылдыққа сәйкес, екінші деңгейлі банктер мемлекеттен қосымша ли-

цензия алмай-ақ тұрғын үйге арналған арнайы депозиттер аша алады; клиенттердің жинақтарын қабылдайды; тұрғын үй, алдын ала және аралық қарыздар бере алады.

Тұрғын үй жинақ жүйесінің қарапайым депозиттерден екі айырмашылығы бар: жиналған қаражатты тек баспана алуға ғана жұмсауға болады және депозиттер бойынша жылдық сыйақы мөлшерлемесі нарықтағыдан әлдеқайда төмен. Бірақ салымшы болашақта өте төмен пайызбен ипотека ала алады.

Отбасы банктің негізгі артықшылықтарының бірі – мемлекеттік сыйлықақы. Ол жыл сайын салымшылардың жинағына 20 пайыз көлемінде есептеледі. Екінші деңгейлі банктерде ашылған жинақ шоттарына мемлекеттік сыйақы қолданылмайды.

Акерке ДӘУРЕНБЕКҚЫЗЫ,
«Soltüstik Qazaqstan».



✓ НЕ ІСТЕЛДІ?

**Игорь
ЗОЛЬНИКОВ,**
«СЕВКАЗЭНЕРГО»
АҚ еңбек қауіпсіздігі
және еңбекті қорғау
басқармасының
басшысы.



«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-да еңбекті қорғауды басқарудың кешенді жүйесі қалыптасқан. Оның тиімділігінің басты дәлелі – 2023 жылдан бері өндірістік жаракат тіркелген жоқ.

Қауіпсіз еңбек компаниядағы жұмыстың алғашқы күнінен басталады. Барлық жаңа қызметкерлер заманауи техникалық құралдармен, көрнекі материалдармен және бейнероликтермен жабдықталған арнайы кабинетте кіріспе нұсқаман өтеді. Алынған білім түсіндіру сипатындағы тесттер арқылы бекітіледі. Бұдан кейін жұмыс орнында бастапқы нұсқама жүргізіледі, онда басшы қауіпсіз жұмыс тәсілдері мен әдістерін жеке өзі көрсетеді. Алайда теория қатаң әрі тұрақты бақылаумен бекітіледі. ЕҚБЖ-ның негізгі элементтерінің бірі – үш сатылы бақылау жүйесі. Ол қауіпсіздік талаптарының сақталуын барлық деңгейде: әрбір жұмыс орнынан бастап тұтас бөлімшеге дейін тексеруді қамтиды. Үш сатылы бақылау конфигурациясы тексеру кезінде анықталған ескертулерді тіркеу және талдау үдерісін автоматтандыруға мүмкіндік береді, бұл қауіпсіздік талаптарының бұзылу тәуекелдерін едәуір азайтады.

Қауіпсіздіктің алдын алу шараларының тағы бір тиімді құралы – қауіпсіздік бойынша мінез-құлықтық аудит. Аудит қызметкерлердің қауіпті әрекеттері немесе қауіпті өндірістік жағдайлар салдарынан болуы мүмкін жазатайым оқиғалардың алдын алуға бағытталған. Атқарылған жұмыстардың қорытындысы барлық деңгейдегі басшылардың қатысуымен өтетін еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша ай сайынғы кеңестерде талқыланады.

Мәселен, биыл шаңдану деңгейі жоғары бөлімшелерде арнайы жұмыс киімдерін шаңнан тазартуға арналған инновациялық камералар орнату жоспарлануда. Кабинеттер мен өндірістік үй-жайларда қолайлы жағдай жасау үшін күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Кәсіпорын аумағында физиотерапия және жарықпен емдеу кабинеті бар медициналық пункт жұмыс істейді. Жыл сайын жұмыс берушінің есебінен мерзімдік медициналық тексерулер өткізіледі, сондай-ақ күн сайын ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі тексерулер жүргізіледі. Алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларын үйрету үшін заманауи манекен-тренажерлер қолданылады. Өткен жылы бақылау-өткізу пунктінде «АЛКОЗА-МОК-П-02» этанол буын анықтайтын анализатор орнатылды.

Өндірістік мәдениеттің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі – бес қағидатқа негізделген 5С жүйесін енгізу. Олар: сұрыптау, жүйелеу, тазалықты сақтау, стандарттау және жетілдіру (ережелерді сақтау). Бұл жүйе қызметкерлердің жұмыс үдерісін дұрыс ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі, ал бұл өз кезегінде еңбек қауіпсіздігі мен тиімділігіне тікелей әсер етеді.

2025 ЖЫЛЫ ОБЛЫСТА ӨНДІРІСТЕ 36 ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒА ОРЫН АЛДЫ.

ОЛАРДЫҢ:

53,3%-ы - ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ КІНӘСІНЕН.

46,6%-ы - ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРДІҢ АБАЙСЫЗДЫҒЫНАН.

ӨНДІРІСТІК
ҚАУІПСІЗДІК –
ӨМІР ҮШІН КҮРЕС

? НЕ ІСТЕЛУІ ТИІС?



Азат КӨШЕРБАЕВ,
Мемлекеттік еңбек инспекциясы
комитеті облыстық департаменті
басшысының орынбасары.

Мемлекеттік еңбек инспекциясы департаменті тұрақты негізде жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру нәтижелері мен жүргізілген тексерулердің қорытындылары бойынша өндірістік жаракаттануды талдап отырады.

Жұмыс берушілер тарапынан қауіпсіздік және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі басшылар мен мамандардың міндеттерін формалды түрде орындау фактілері орын алуда. Атап айтқанда, еңбекті қорғау бойынша оқыту мен нұсқама жүргізуде кемшіліктер бар, сондай-ақ қызметкерлер еңбек және өндірістік тәртіп талаптарын сақтамайды. Көп жағдайда осы жағдайлар жазатайым оқиғалардың негізгі себептеріне айналады. Нұсқама беру мен оқытуды жүргізу кезінде формалды көзқарас байқалады, атап айтқанда, қызметкерлер нұсқамадан өтпей-ақ «өттім» деп қояды.

Жыл сайын облыста ақылы қызмет көрсету шарттарын (азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар) жасасуға байланысты еңбек қызметіне қатысы жоқ жазатайым оқиғалардан зардап шеккендер, соның ішінде өліммен

аяқталған жағдайлар саны артып келеді. Мұндай шарттар жасалған кезде заңды тұлғалар мойындарына еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша ешқандай жауапкершілік пен міндеттемелер алмайды. Бұл аталған мәселе бойынша алдын алу жұмыстарының жүргізілуін қиындатып, оң нәтижеге қол жеткізуге кедергі келтіреді.

Мәселен, 2025 жылы 5 жазатайым оқиғада азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар жасасқан қызметкерлер зардап шекті. Құрылыс және ауыл шаруашылығы салаларында азаматтық-құқықтық шарттарды жасасқанда қауіпсіздік техникасы сақталмайтынын және жұмыс барысында тараптардың қандай да бір жауапкершілігі болмайтынын түсіну керек.

Осыған байланысты мемлекеттік сатып алулар әкімшілеріне, аудан әкімдіктеріне және Петропавл қаласының әкімдігіне мердігерлік шарттарды жасасу барысында барлық қызметкерлермен міндетті түрде еңбек шарттарын жасасу талаптарының сақталуын бақылауға алуды тапсыру қажет.

Сондай-ақ аудан әкімдіктерінің және аудандық үшжақты комиссиялардың отырыстарында азаматтардың еңбек құқықтарының сақталуы, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелерін қарастыру қажет.

✗ НЕ ІСТЕЛМЕДІ?

**Жанат
ЖҰМАБЕК,**
облыстық
кәсіподақ
орталығы
төрағасының
орынбасары.



Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі облыстық үшжақты комиссияның отырыстарында облыс әкімі орынбасарының төрағалығымен өңір ұйымдарындағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жағдайы мәселелері тұрақты түрде қаралып отырады.

Сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері облыстық кәсіподақтар орталығы үйлестіру кеңесінің алкалы отырыстарында қаралады.

Қазақстан кәсіподақтары еңбек заңнамасына түзету енгізу бойынша 70-тен астам ұсыныстар жасады. Заңнамалық бастамалардың басым бағыттарының бірі – техникалық инспекторлардың рөлін күшейту. Ұйымдарда кәсіподақтың қатысуымен тұрақты қоғамдық бақылауды 901 өндірістік кенестің құрамындағы 1057 техникалық инспектор жүзеге асырады. Бас келісімді іске асыру аясында техникалық инспекторлардың жұмысын ынталандыру ұйымдардың ұжымдық шарттарында ай сайынғы қосымша төлемдер беру, қосымша демалыс күндерін ұсыну және басқа да жеңілдіктер қарастырылған. Мәселен, «С.М.Киров атындағы зауыт» АҚ-да қоғамдық бақылауды ынталандыру мақсатында еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларға анықталған әрбір заң бұзушылық үшін бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайынғы қосымша төлем жүргізіледі, бірақ жалпы сомасы бір күнтізбелік айда 5 АЕК-тен аспайды. Өкінішке қарай, мұндай оң тәжірибе барлық ұйымдарда қолданылмайды.

Бастауыш кәсіподақ ұйымдары «Нөлдiк жаракаттану» – «Vision Zero» ақпараттық науқанының, сондай-ақ «халықтық бақылау» жобасының белсенді қатысушылары саналады. Алайда өткен жылы облыста 36 жазатайым оқиға тіркелді, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 5 жағдайға көп. Оның ішінде кәсіподақ жұмыс істейтін ұйымдарда 6 жазатайым оқиға орын алып, 11 адам зардап шекті (денсаулық сақтау, пошта байланысы, мемлекеттік мекемелер салаларында). Жалпы жазатайым оқиғаларға жүргізілген мониторинг барысында кәсіподақ қатысатын ұйымдарда өндірістік жаракаттану деңгейінің төмен екені анықталды. Кәсіподағы бар кәсіпорындарда жазатайым оқиғалар орын алған жағдайда алдын алу жұмыстарын жүргізу мақсатында Жол карталары әзірленеді. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында мемлекеттік, ішкі және қоғамдық бақылаудың үйлесімді жүргізілуінің тиімділігі мол. Сондықтан кәсіподақ қозғалысын кеңейту қажет.

**Зертханадағы
алғашқы сәт**

Таңғы уақытта зертханаға кірген сәттен-ақ мұндағы тәртіп пен дәлдік көзге бірден байқалды. Ұзын үстелдерге колбалар, түтік пен өлшеуіш ыдыстар қатар-қатар қойылған, ал қабырға бойына әртүрлі зертханалық құрылғылар орналасқан. Мұнда сұйықтық анализаторы, зертханалық таразылар, рН-метр, кондуктометр, спектрофотометр, атомды-абсорбциялық спектрометр, газ-талдағыш, хроматограф секілді көптеген аспап бар. Әр құрал белгілі бір көрсеткішті анықтауға арналған.

**Жұмыс күні қалай
басталады?**

Жадыраның жұмыс күні зертхананы мұқият дайындаудан басталады. Таңертең кабинетке кіргеннен кейін ол, ең алдымен, жұмыс орнының тазалығын тексереді.

— Зертханалық үстелдердің беті сүртіліп, кешегі жұмыстардан қалған ыдыстардың барлығы ретке келтірілгенін қарап шығамын. Себебі химиялық талдау кезінде тазалық пен тәртіп ең басты талаптардың бірі саналады. Бөгде зат немесе жуылмаған ыдыс зерттеу нәтижесіне кері әсер етуі мүмкін, — дейді маман.

Одан кейін Жадыра Омарова талдау жүргізуге қажетті зертханалық ыдыстарды дайындай бастайды. Колбалар, түтіктер, өлшеуіш цилиндрлер мен пипеткалар арнайы сөрелерден алынып, қолдануға әзірленеді. Әр ыдыс белгілі бір талдау түріне арналғандықтан, оларды дұрыс таңдау да маңызды. Сонымен қатар ол қажетті реактивтерді тексеріп, оларды жұмыс үстеліне қояды. Реактивтердің жарамдылық мерзімі, тығыз жабылғаны және белгіленуі де міндетті түрде тексеріледі.

Келесі кезекте зертханалық құралдардың дайындығы қаралады. Жадыра рН-метр, кондуктометр, спектрофотометр сияқты негізгі аспаптардың жұмысқа әзір екенін тексеріп, қажет болған жағдайда оларды қосып, калибрлейді. Сонымен бірге зертханалық журналдар мен есеп жүргізуге арналған құжаттарды дайындайды.

**Өзеннен келген
сынамалар**

Жұмыс уақыты басталғаннан кейін зертханаға гидропост бақылаушылары әкелген су сынамалары жеткізілді. Бұл сынамалар Есіл өзенінің әр түрлі тұстарынан алынған. Сергеевка қаласы, Покровка ауылы, Петропавл қаласының жоғары және төменгі ағысы, Долматово ауылы — бақылау маршрутында белгіленген негізгі нүктелер.

Жадыра барлық сынамаларды арнайы тіркеу журналына енгізді. Әр сынамаға жеке нөмір беріліп, оның алынған орны

**ЗЕРЕК ЗЕРТХАНАШЫ**

Экологиялық жағдайды бақылау – көзге көрінбейтін, бірақ аса маңызды жұмыс. Өзен суының сапасы, атмосфералық ауаның тазалығы, қоршаған ортаның химиялық құрамы күн сайын мұқият тексеріліп отырады. Бұл міндетті «Қазгидромет» РМК Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының кешенді зертханасында еңбек ететін мамандар атқарады. Біз бір күн бойы осы зертхананың жетекші инженер-химигі Жадыра Омарованың жұмысын бақылап, оның күнделікті қызметінің қалай өтетінін көрдік.

мен уақыты жазылды. Бұл кейін зерттеу нәтижелерін салыстыруға және деректерді жүйелеуге мүмкіндік береді.

Тіркеу жұмыстары аяқталған соң сынамалар зерттеу түрлері бойынша бөлінеді. Кейбірі физикалық көрсеткіштерді анықтауға дайындалса, енді біреулері химиялық талдауларға бағытталады. Осылайша әрбір сынама өз кезегімен зерттеуге жіберіледі.

Зертханалық талдаулар

Бұл уақытта зертхана ішінде жұмыс қызады. Жадыра әр сынаманы кезекпен зерттеген кезде судың температурасы, түсі, мөлдірлігі мен иісі алдымен визуалды әдіспен бағаланады. Одан кейін рН деңгейі арнайы рН-метр арқылы анықталады.

Кейбір көрсеткіштерді анықтау үшін фотометриялық әдіс қолданылады, ал басқа жағдайда титриметриялық немесе гравиметриялық талдау жүргізіледі. Электрометрия-

лық, потенциометриялық әдістер де жиі пайдаланылады. Ауыр металдарды анықтау үшін атомды-абсорбциялық спектрометр іске қосылады, ал кейбір органикалық қосылыстарды газхроматограф арқылы тексереді.

— Әр ай сайын су сапасын 47 көрсеткіш бойынша талдаймыз. Температурадан бастап тұздар, нитраттар, фосфаттар, темір, мұнай өнімдері мен пестицидтерге дейін бәрін тексереміз. Бұл өзеннің жағдайын толық бағалауға мүмкіндік береді, — дейді Жадыра Омарова сынамаларды кезекпен аспаптарға орналастырып жатып.

**Дәлдік пен тазалық —
басты талап**

Түске таман зертханадағы жұмыс тіпті қарқын алады. Таңертең қабылданған су сынамалары бойынша талдаулар жалғасып, әр көрсеткіш кезек-кезек анықтала бастайды. Бір үстелде химиялық реакциялар жүргізілсе, екінші жакта алынған нәтижелер жазылып, келесі сынамалар талдауға дайындалып жатады. Зертхана ішінде

бәрі белгілі бір тәртіппен, нақты жоспар бойынша жұмыс істейді.

— Жұмыс барысында қолданылған зертханалық ыдыстар бірден жуылып, арнайы ерітінділермен тазаланады. Бұл келесі талдаулардың дәлдігі үшін өте маңызды. Сонымен қатар қолданылған құралдар дезинфекцияланады, — дейді кейіпкеріміз.

Жадыра Омарова әрбір аспаптың жұмысын мұқият бақылап отырады. Ол рН-метрдің, спектрофотометрдің және басқа да зертханалық құрылғылардың көрсеткіштерін тексеріп, қажет болған жағдайда олардың баптауын реттейді. Себебі зертханалық өлшеулерде ең бастысы — дәлдік. Өлшеу құралдарындағы ең кішкентай ауытқудың өзі талдау нәтижесіне әсер

барып, әдістемелерді жетілдіріп отырады. Сонымен қатар құжаттарды мұрағаттау, ай сайынғы есептерді дайындау да — осы жұмыстың бір бөлігі.

**Болашақ мамандарға
тәжірибе**

Зертханада кей кездері химия мамандығында білім алып жүрген студенттер де өндірістік тәжірибеден өтеді. Мұндай уақытта Жадыра Омарова олардың жұмысына бағыт-бағдар беріп, зертханалық талдаулардың негізгі кезеңдерін түсіндіреді. Ол студенттерге сынамаларды қабылдау тәртібін, зертханалық ыдыстарды дұрыс пайдалану жолдарын және әртүрлі талдау әдістерінің қалай жүргізілетінін көрсетеді.

Сонымен қатар болашақ мамандар зертханадағы негізгі құрал-жабдықтармен жұмыс істеуді үйренеді. Жадыра олардың әр қадамын бақылап, қауіпсіздік талаптарын сақтауды ескертіп отырады. Осылайша студенттер теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, нақты зертханалық жұмыстың қалай ұйымдастырылатынын көзбен көреді.

**Күнді қалай
қорытындылайды?**

Күннің екінші жартысында таңертең алынған сынамалар бойынша соңғы нәтижелер дайын болады. Барлық деректер жүйеленіп, тиісті мекемелерге жолданатын есептер қалыптастырылады. Бұл мәліметтерді жергілікті атқарушы органдар, жауапта департаменттері мен санитарлық бақылау қызметтері пайдаланады.

Кешкі уақыт таяғанда зертханадағы жұмыс біртіндеп аяқталады. Жадыра қолданылған құралдарды өшіріп, жұмыс орнын ретке келтіреді. Сынақ нәтижелері сақталып, барлық журналдар тексеріледі. Келесі күнгі талдауларға қажет ыдыстар дайындалып, зертхана жана жұмыс күніне әзір күйінде қалдырылады.

Зертхананың жұмыс уақыты да өз ерекшелігіне ие. Химиялық реактивтермен тұрақты жұмыс істеу адам денсаулығына белгілі бір деңгейде әсер етуі мүмкін, мұнда еңбек жағдайы зиянды саналады. Сол себепті кешкі сағат бестер шамасында зертхананың шамдары біртіндеп сөніп, есік жабылады.

Бір күн бойы химиктің жанында отырып, жұмысының әр кезеңін көрдік. Бұл — сырт көзге байқала бермейтін, бірақ өңірдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды еңбек. Әрбір сынама, әрбір талдау — өзен суының тазалығы мен ауа сапасы туралы нақты ақпарат беретін дерек. Ал сол деректердің артында зертханадағы мамандардың көзге көрінбейтін еңбегі жатыр.

Назым ЕСІМ,
«Soltustik Qazaqstan».





ТҰРҒЫНДАР БІРІКПЕЙ, ТҮЙІН ШЕШІЛМЕЙДІ



Жаңа заңдағы басты өзгеріс – бұрын бір жылға сайланатын бірлестік төрағасы енді 3 жылға сайланады. Қызмет мерзімі ұзарған соң тиісті істі тыңғылықты атқаруға уақыт жеткілікті. Сонымен қатар бұдан былай әр үйдің есепшоты жеке басқарылады. Бұрын бірнеше үйден жиналған қаражатқа бір үйге жөндеу жасалып, тұрғындар наразы болып келсе, енді қаржы тек сол баспананың қажетіне ғана жұмсалады. Бұрын бірлестік иелері борышкер тұрғындардан ай сайынғы ақшаны ала алмай, қарызға батса, енді бұл төлемді орындаушы арқылы өндіріп алуға болады. Мемлекеттік органдар бірлестік жұмысына бақылау жасап, есептерді тексере алады.

«Жаңа жүйеге көшсек те, кей мәселелерді жергілікті биліктің көмегінсіз шешу мүмкін емес. Жеделсатыларды ауыстыру, жарықтандыру, спорт, ойын алаңдарын орнатуға қаражатымыз жеткіліксіз. Сондықтан қаржы сұрап, әкімдікке жиі баруға тура келеді. Коммуналдық төлем шығынын азайту үшін үйлерді жылытуға ерекше мән береміз. Мердігердің жұмысын бақылаймыз. Кейде мердігер істі созып немесе аяғына дейін жеткізбейді. Ал ай сайын жиналатын қаржы күнделікті шығындардан әрі аспайды. Десе де кооперативтерге қарағанда бірлестіктердің артықшылығы көп. Бұрын қаржының қайда кеткенін де білмейтін тұрғындар қазір басқару ісіне белсене қатысады», – дейді К. Сүтішев көшесі, 17 мекенжайындағы үйдің бірлестік төрағасы Василий Ротарь.

Кооперативтерді жаңа жүйеге ауыстыру реформасы 2019 жылдан бері жүргізіліп келе жатқанына қарамастан тұрғын үйлерді басқару саласында шешілмеген мәселе әлі аз емес. Былтыр заңға қол қойылғанымен, іске келгенде тағы шабандап тұрмыз. Ескі үйлердің тозуына жол бермей, сенімді басқарушы табу үшін жауапкершілікті тұрғындардың өзіне ғана артпай, олармен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, келісімге келген жөн.

Диас АЯҒАН,
«Soltüstik Qazaqstan».

1-бетте

Пәтерлер орналасқан жер ортақ болған соң жауапкершілік те ортақ. «Кемедегінің жаны бір» дегендей, инфрақұрылым, абаттандыру, жөндеу жұмыстары барлық тұрғын жұдырықтай жұмылғанда ғана шешімін таппақ. Бұл жұмыстың бәріне мұрындық болып, үй иелерінің басын қосатын ұйымдарға жүктелген міндет те ауыр. Алайда аталған басқарушы ұйымдардың қызметі әлі күнге біріздендіріліп, арнайы ережелер қолданысқа енген жоқ. Заң өзгерсе де бұрынғы әдетінен арыла алмай, жаңа өзгерістерге бейімделуге ниетсіз тұрғындар көп.

Былтыр «Көппәтерлі үйлерді басқару туралы» Заңға тағы өзгеріс енгізілді. Қыркүйекте күшіне енген ережелерге сай пәтер иелері кооперативтері қайта тіркеуден өтіп немесе тұрғындар мүлік иелері бірлестігіне бірігуі керек. Алайда аталған саладағы кезекті реформаны жүзеге асыру жайы мәз емес. Қағаз жүзінде үйлерді басқаруды тиімді етіп, ескірген көпқабатты ғимараттардағы мәселелердің шешілуіне жол ашатын ереже көпке әлі түсініксіз. Сол себепті өңірдегі пәтер иелерінің бір бөлігі әлі күнге бұрынғы тәсілден арыла алмай келеді.

Қала мен аудандарды қосқанда өңірде басқару ісін қажет ететін 1629 көппәтерлі үй бар. Оның 1154-і облыс орталығында орналасқан. Алайда облыстағы үйлердің 36 пайызы ғана жаңа басқару жүйесіне көшкен.

Бұл жұмыс әсіресе аудандарда тұралап тұр.

«Былтыр 15 қыркүйекте қолданысқа енген «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңдағы өзгерістерге сай пәтер иелері бұрынғы кооперативтен мүлік иелері бірлестігіне немесе тікелей басқару жүйесіне көшуі қажет. Алайда бұл жұмыстар қала мен 4 ауданда ғана қолға алынған. Жаңа басқару жүйесіне көшуі тиіс 1629 үйдің 591-інде ғана жаңа жүйе енгізілген. 496 мүлік иелері бірлестігі мен 77 тікелей басқару жүйесі тіркелген облыс орталығында бұл көрсеткіш 50 пайызға жаңа жетті. Аудандар арасында алға шыққан Мамлютте 33 үйдің 15-інің иелері бірлестікке біріккен. Бүгінде ескірген көпқабатты пәтер тұрғындарын алаңдатын мәселе көп. Оларды шешу үшін аталған істі жеделдету қажет», – дейді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Әлішер Баспаев.

Басқарма ұсынған облыс орталығы мен Мамлют ауданынан басқа аудандардың деректері тіпті танданарлық. Тайынша ауданындағы 42 үйдің екеуінде ғана басқару ісі жанарған. Ғабит Мүсірепов атындағы аудандағы 81 үйдің тек біреуінің тұрғындары аталған мәселеге қатысты ортақ мәмілеге келіпті. Мағжан Жұмабаев ауданындағы 39 пәтердің тек біреуіне ғана тікелей басқару жүйесі енгізілген екен. Ал қалған 9 ауданда аталған көрсеткіш нөлге тең. Жылдар бойы назардан тыс қалып, мәселесі қордаланған ескі

«ҚАЛА МЕН АУДАНАРДЫ ҚОСҚАНДА ӨҢІРДЕ БАСҚАРУ ІСІН ЖАҢАРТУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН 1629 КӨППӘТЕРЛІ ҮЙ БАР. ОНЫҢ 1154-І ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА ОРНАЛАСҚАН. АЛАЙДА ОБЛЫСТАҒЫ ҮЙЛЕРДІҢ 36 ПАЙЫЗЫ ҒАНА ЖАҢА БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНЕ КӨШКЕН. БҮЛ ЖҮМЫС ӘСІРЕСЕ АУДАНАРДА ТҰРАЛАП ТҰР.

үйлердің ең көп үлесі аудандарда екенін ескерсек, ондағы мүлік иелерінің жайбасарлығына жол болсын. Басқаруы жүйеленбеген үйлерде жөндеу жүргізу былай тұрсын, күнделікті коқыс шығарудың өзі шешілмес дауға айналған. Көппәтерлі үйлер саны бойынша аудандар ішінде көш басында тұрған Қызылжар ауданындағы 112 үйдің бірде біреуі әлі күнге дейін басқарушыны сайлай алмай отыр. Айыртаудағы 62, Шал ақындағы 41, Есілдегі 19 үйдің иелері де әлі таңдау жасамаған. Ақжайында 15, Ақжарда 13, Жамбылда 8 пәтерде жаңа жүйе енгізілмеген. Көппәтерлі үйлерін саусақпен санауға болатын Уәлихановтағы 4, Тимирязевтегі 2 үйдің иелерінің басын қосатын бастамашы табылмағаны да алаңдатпай қоймайды. Өңірдегі 1912 көппәтерлі ғимараттың 49 пайызына күрделі жөндеу қажеттігін ескерсек, аталған істі жеделдетпей болмайды. Өйтпеген күнде алдағы бірнеше жылда басқарусыз қалған нысандар одан сайын тозып, өңірдегі үйлердің жартысынан көбіне жөндеу қажет болуы мүмкін.

Алайда жарты жыл бұрын қолданысқа енген ережелердің кемшіліктері де жоқ емес. Пәтер иелерінің басын қосқан қауымдастық төрағасы Сергей

Худяковтың сөзінше, тұрғындардың арасында басқарушы болғысы келетіндер сирек.

«Жергілікті әкімдік бірлестікке жиналатын қаржының ең төменгі мөлшерін үйдің әр шаршы метріне 50 теңге деп бекітуді ұсынып отыр. Барлық тұрғындар ең төменгі тариф бойынша ақы төлейтіні анық. Сонда 60 шаршы метр үй иесі айына 3 мың теңге береді. Бұл қаржы мүлік иелері бірлестігі төрағасының жалақысынан да артылмайды. Жөндеу, абаттандыру жұмыстарын сапалы жүргізу үшін аталған төлемді көбейту керек. Ережеге сай үйді басқаратын адам сол үйдің тұрғыны болуы қажет екен. Пәтерде тіркелгендердің арасынан белсенді адамды табу қиынның қиыны. Ең қызығы, салынған айыппұлды төлеу міндеті үйдің тұрғындарына емес басқарушыға жүктеледі. Айыппұл бірлестік төрағасының жеке шотынан алынады», – дейді Сергей Худяков.

Оның айтуынша, кейде басқарушының бар айлығы үйге салынған айыппұлды төлеуге жұмсалып кететін кездер де болады. Қысқасы, жауапкершілік ауыр, кей шектеулер еркін жұмыс істеуге мүмкіндік бермейді. Көпшілік жаңа басқару жүйесіне көшкісі келмей отырғанының бір себебі осы.

Шал ақын ауданында жұртшылықтың зор сүйіспеншілігі мен ілтипатына бөленген, есімі республикаға кеңінен танымал қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері, Ұлы Отан соғысының ардагері Есім Шайкиннің туғанына 100 жыл толуына орай тағылымды еске алу кеші өтті. Онда тұлғаның өмір жолы мен елге сіңірген еңбегі ұлықталып, ұмытылмас жарқын бейнесі жайлы жүрекжарды естеліктер айтылды.

ДӘУІР ШЕЖІРЕСІ

Аудан тұрғындары мен зиялы қауым өкілдері Есім Шайкеұлының құрметіне орнатылған мүсіннің маңына жиналып, гүл шоқтарын қойды, рухына тағзым етті. Сосын алыс-жақыннан келген меймандар оның атындағы мектеп-лицейге барып, білім ордасының ты-

ныс-тіршілігімен танысты. Бұдан кейін еске алу іс-шарасы «Ғасыр тұлғасы – Есім Шайкин» атты тағылымды конференциямен жалғасты. Басқосу өткеннің өнегесін ұлықтап, туған жерінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан, есімі адал еңбек пен жауапкершіліктің,



шынайы жасампаздықтың символы ретінде алтын әріппен жазылған жерлесіміздің өмір жолын дәріптеуге арналды.

Іс-шара барысында аудан әкімінің орынбасары Нұрбек Нәбиев ел арасында Есім Шайкиннің есімі ерекше құрметпен аталатынын атап өтті. Бүгінгі таңда ауданда ол кісінің атында көше, мектеп-лицей бар.

Жиында облыстың құрметті азаматы Құдайберген Қалиев, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ескендір Елеусізов, жергілікті ардагерлер Хамит Найманов, Тұрар Оразалин, Самат Ғабдуллин, марқұмның ұлдары Нұрлан мен Ноян, қызы Баян және тағы басқалары жылы сезімге толы естеліктерімен бөлісті. Бірге еңбек еткен жылдарын,

адамгершілік асыл қасиеттерін тебірене еске алды. Сөз арасында аудандық білім бөлімінің қолдауымен мектеп-лицейде бір ай бойы тағылымды іс-шаралар, атап айтқанда, танымдық сағаттар, пікірталастар, «дөңгелек үстелдер» ұйымдастырылғанын айта кеткен жөн.

«Әкем қай салада жүрсе де, күн-түн демей аянбай тер төкті. Өзіне сеніп тапсырылған қызметті абыроймен атқара білді», – деген ұлы Нұрлан Есімұлы мектеп-лицейге бағалы сыйлықтар табыстады.

Есім Шайкиннің ғұмыры тұтас бір дәуірдің шежіресі десе де болады. Тағылымды кеш өткенді еске алумен қатар жас ұрпаққа аманаттай сезілді. Мұндай дара тұлғалардың өнегелі өмірі елге қызмет етудің биік үлгісі болып, жұртшылық жадында ұзақ уақыт сақталары сөзсіз.

Әсемгүл КАЙНЕТОВА,
Шал ақын ауданы.

ESTE JÜRGEN ESIMDER

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАН ЕДІ

1996 жылдың 29 наурызы бәріміздің жадымызда әлі күнге дейін өшпестей жаңғырып тұр. Дәл осы күні Интернационал көшесі бойында орналасқан педагогтардың білімін жетілдіру институтының ғимаратында қаладағы қазақ мектебі (қазіргі Қожаберген жырау атындағы № 6 орта мектеп) шаңырақ көтерді. Директорлығына Әдия Ахметова тағайындалғанда зиялы қауым өкілдері жергілікті билік таңдаудан қателеспегеніне қуанды. Бұл шешімді жақсылыққа жорудың тағы бір себебі, оқу ордасының қазіргі Ә.Досмұхамбетов атындағы дарынды балаларға мамандандырылған облыстық қазақ мектеп гимназиясының бұрынғы қара шаңырағына қоныстануы еді.



Жұртшылық Әдия Ысқаққызының жан-жағына нұрлы шуағын шашып жүретін парасатты мінезіне, адамның қылаудай көңілін қалдырмайтын бекзат болмысына бұрыннан тәнті болатын. Әлі күнге дейін қимастық сезіммен еске алып, құрмет тұтатыны сондықтан. Әріптестері мен шәкірттері қызметтік лауазымын ғана емес, тұтас ұрпақ тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосқан ұйымдастырушылық зор қарым-қабілетін үлгі етіп, жаңашыл педагогқа тән үрдістерін жоғары бағалады. Егемендіктің елең-алаң шағында небір экономикалық қиындықтарды бастан кешірген ұжым үшін – қорған, шәкірт

үшін – бағыт, әріптес үшін сенім бола білді. «Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтықтырмай» деген дана сөз Әдия Ысқаққызына арналғандай. Ол басқарған жылдары мектептің іргесі бекіп қана қоймай, өзіндік дәстүрі, ішкі мәдениеті, ауызбірлігі қалыптасты. Әр ұстаздың бойынан жақсыны көре білді. 2007 жылға дейін ұжымды каталдықпен емес, парасатпен, бұйрықпен емес, мейіріммен басқарды.

Түмен облысына қарасты Голышманов ауылында туып-өскен ол орыс тілді ортада білім алса да, ұлттық тамырынан қол үзіп кетпеді. Туған халқының тілі мен тарихына деген сартап

сағыныш оны байырғы атамекеніне жетелеп әкелді. Петропавл қаласындағы педагогикалық училищені үздік бағамен, Алматы қаласындағы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін тамамдауы – алды-артын байыптап, кемел келешекке көз жүгірте отырып, саналы түрде таңдау жасағанының дәлелі еді. Еңбек жолын 1971 жылы Щучинск қаласындағы педагогикалық училищеден бастап, кейін Қызылжар өңірінде партия комитетінде, тілдер басқармасында жауапты қызмет атқарды. Қай салада жүрсе де, елдік мұратты биік тұтты. Тіл, тарих, ұлттық мектеп мәселелері жүрегіне ең

жақын тақырыптар еді.

Тарих бетіне өшпестей жазылып қалған сол күндерді мектептің оқу ісі бойынша меңгерушісі болып қызмет атқарған Балдырған Илиясов ерекше тебіреніспен былайша еске алады: «Ғимарат толық дайын болмаған, қабырғаларынан күлімсі иіс кетпеген 1996 жылдың 1 қыркүйегінде аз ғана баламен Білім күнін өткізу – ерлікке пара-пар шешім еді. Мен бұл қадамды қиындыққа мойынсұнбаудың, болашаққа деген сенімнің ғажап үлгісіне балаймын. Әдия Ысқаққызы жабайы нарық жан-жақтан қысса да, бар жауапкершілікті өз мойнына алып, әлі оң-солын бажайлап үлгермеген мұғалімдер қауымын ортақ мақсатқа жұмылдыра білген кеме капитанындай елестейді».

Өмірден көрген-түйгені мол тәжірибелі басшы айналасына ұлт десе, елең ететін кадрлар мен жастарды шоғырландыра отырып, мыңдаған шәкіртті үлкен өмірге қанаттандырды. Күлтай Әміржанқызы, Айсұлу Баймұратқызы, Қамиша Мақанқызы, Жібек Тәкенқызының айтуларына, қиын-қыстау, өтпелі кезеңде, әрі саясат сахнасы да өрттей қаулап тұрған кезде жоқтан бар жасау – екінің бірінің қолынан келмейтін іс. Ұлт тағдырына алаңдаған толғаныстар азаматтық парызбен, адал жауапкершілікпен үйлесіп, небір қарсылық, кедергілерге сабырлы мінезін, берік ұстанымын қарсы қойып, жеңе білді.

Әдия Ысқаққызының қазасы өңір жұртшылығына өте ауыр тиді. Қызмет барысында ұстаздық жолға енді қадам басқан жас мамандарды сүрінгенде қолтығынан демеп, қысылғанда

демеу болған, көрсеткен қамқорлығын, жаңды ерітетін жылы сөздерін, ұғынықты ақыл-кеңестерін тізбелеп шығу мүмкін емес. Өзгелерге үлгі боларлық бір қасиеті, адам бойындағы мүмкіндікті бірден байқап, сенім арта білетіндігі. Талапшылықпен қоса қорғаушылық, қолдаушылық қасиеттер оны даралап тұратын. Әділетсіздікке жол бермейтін. Үнемі жігерлендіріп, күш беріп отыратын. Осындай қарым-қатынастың арқасында ұжымда өзара сыйластық пен кәсіби біліктілік берік орнықты.

Есімі республикаға белгілі журналист Мәлік Мұқановтың өмірлік серігі ретінде де ұстамды болмысынан жаңылған жоқ. Күнделікті ісімен, тәрбиесімен, қарым-қатынасымен отбасының отанасына айналды. Ішкі тұтастық пен рухани беріктік екеуін жарастырып, толықтырып тұратын.

Апайымыз зейнет демалысына шыққаннан кейін де қоғамдық қызметке белсене араласты. Облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары ретінде көптеген іс-шаралардың белортасында жүрді.

Сұм ажал арамыздан алып кетпегенде 18 наурызда мерейлі 80 жасқа толар еді. «Әттен» деген өкініш жүрекке салмақ салып, көңілді мұңға бөлейді. Алайда уақыт адамның жасын ғана таразылайды, ал оның адал еңбегін, адам жадында қалдырған жарығын өшіре алмайды. Артында қалған өшпейтін үлгі-өнегесі-көңілге медеу.

Болатгөз ҚОЖАБЕКОВА,
М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан
университеті тарихи музейінің
директоры.

ӨЗІМ ЖӘНЕ ӨЗГЕЛЕР ЖАЙЫНДА

(Басы өткен сандарда)

Оның үстіне үйде ғана алақан жаймаймын: баяғыда мұсылмандар зираты болған саябаққа барып, ұлы Мағжанның әкесі Бекен қажының қабірінің басында баршасын аятыма қосамын. Тіпті бір-бір аруақтай болып тұрған ағаштарға да бет сипап қоям кейде ...

Азаттық алғалы бері Алланың ақ жолына түскен менің үйімдегі Құрандар бір ауылдың мешітіне жетерліктей. Солардың бірі – қалта Құраным алыс сапарға шықсам, жүрегімнің тұсынан табылады. Оны қалтаманнан көрген бір топ түріктің танданғандары есімде. Ең бастысы, мен қалтамдағы Құраннан қуат аламын: жеке батыр сияқты жебей басамын.

«Алланың өзі ақын сияқты» деп ұлы Ғабен біліп айтқан ғой: ораза бойы оқығанда қари әрең бітіретін Құран ақ өлеңмен жазылған. Токсаныншы жылдары он шақты сүрені сұңқылдатып жүрген мен ақындықтың ауыздығына ие бола алмадым: Құранды өлеңмен өрнектеуге кірістім. «Соқыр теке» ойнағандай болдым сол жолы: Крачковскийдің орысша аудармасынан басқа ештеңе табылмады. Құранның құпиясын айқара аша алмасам да, тапжылмай зерттеудің нәтижесінде «Фатиханың» бір «шумағын» шығардым:

Жер-дүниені жаратқан,
Қайыр-рақымын таратқан,
Қиямет күннің патшасы –
Алла тағалаға мадақ тән!

«Ықылас» сүресінің де төрт жолын тындырдым. «Нәс», «Фәлак», одан соң «Бақараны» бастадым. Тіпті Құран хатымының дұғасын да қазақшаладым. Астанадағы Самағ деген туысым, әсіресе осы соңғысын сұрамаған да айтып береді.

... Әкем жалғыз Құраныммен токсанында өмірден өтіп еді, менің он Құраныммен қанша қырдан асатынымды, әрине, Құдай біледі.

ТАЛАНТТЫ ТҮСІНІП КӨР!

– Андағыны оқымай-ақ қой: түсініп жарытпайсың! – деген еді министр туысым менің, – студенттің, – қолымдағы кірпіштей «Капитал» кітабын көріп. Одан капитализмнің күлі көкке ұшып, коммунизм орнайтынын ұққан мен «Капитал» сияқты тіс батпайтын «кірпіштердің» біразын байқадым: А. Эйнштейннің теориясы, А. Шопенгауэрдің пәлсафасы тәрізділер.

Бүгін әдебиеттің де өз Маркстері бар екендігін тілге тиек етпекпін. Көп те емес, бірақ жоқ та емес, мұндай мұзбалақ майталмандарды жіпке тізгенім жөн болмас: сөремеде немесе үстелімде жатқан тылсымға толы туындылардың тарта беретін тұңғығына тағы да көз тастағым келеді ... Бұл ретте



мыңға жалғыз балайтын мысы басым екі-үш ерен де ерекше қаламгердің шығармашылық құпиясын шыжымдап жеткізгенді жөн санадым.

Мен өркеуде М.Цветаеваның өлеңдеріне жыл сайын шұқшып жүргенімді әуелде өзімше жорыдым: қағып ала қоймағанымды мойындамай, ірі ақынға іңкәрлік деп дардай қылғаным бар. Міне, осы міннен арылдым: үйірге қосылмаған саяқ жылқыдай күн кешкен ақын шығармашылығының шытырманна шүйгіп, шиырынан шығып, шешуін таптым.

Елден ерек туған ол көзбен көргенді кейіптейтін мың сан ақынның бірі емес: дыбысқа құлақ түретін тұлға. Небір бояумен бедерленген дүниенің тілін ол дыбысынан түсінеді. Оның ұйқастарының ассонансқа құрылуы – осының айқын айғағы.

Ол ұйқас мәселесінде де жанашыл: естіп жүрген ескі ырғактың екпінін, өлең сөздің жатық та байсалды әуенін мүлдем өзгертті. Нәтижесінде нағыз өз стилін қалыптастырды: үзік-үзік, құбылмалы, екпіні бірде қатты, бірде баяу өлеңдер. Өлеңді жырымдап, аяусыз бөлшектеген ондай ақынды табу қиын.

Оның суреттеу құралдарының бірі болып табылатын пауза элементі туралы айтсақ, онкі көзге оғаштау: шумақтың соңында емес, жолдың басында да, ортасында да тежегіштей тоқтатады. Синтаксистің мәжбүрлеуімен «сүрінген» шумақтары миды ашытады:

Двадцать лет свободы –
Всем. Огня и дыма –
Всем. Игры, науки –
Всем. Труда – любому,
Лишь бы были руки.

Мұнда синтаксис пен ырғакқа басымдық берілген, ал ұйқас тасада қалған. Өлеңінде айшықты ой айтылса, образ сомдалса жеткілікті, ұйқастыруды ұмытып та кетеді. Барынша сығымдап жазуға ұмтылатын ақын етістіктің өзін өшіре салады. Ал айтар ойы бір жолға немесе шумаққа сыймаса, сөз түгіл буындарды да бөлшектейді.

Отанынан, туған жерінен, оқырмандарынан айырылып, жалпақ Еуропада жалғыз қалған ақынның қауашағына тығылған

ұлуға ұқсаған тағдыры оның ошауланғаны еді. Ақ эмигранттардың жаргонға толы өлеңдерін жақтырмаған ол: сендерге түсініксіздеу, күрделі түрде жазамын, дегендей болды.

Иә, Марина Цветаева онай ақын емес: оның поэзиясы оқырманнан ой түкпірін ақтаруды талап етеді.

Оны қазақшаға аудару қолдан келер емес. Бар бітіргеніміз – еркін аударма ғана: Г.Салықбаеваның тәржімасы да сондай. Сол себепті түпнұсқасына төнген сайын бас шайқағаныңды білмей қаласың ...

«Түн ұйықтамадым,
Күндіз тізе бүкпедім,
Қара терімді төктім,
Қызыл қанымды ағыздым
Түрік халқы үшін», – деген жазудың екінші авторына балауға болатын Олжас Сүлейменовтің күрделі туындылары Құрандай қиын: сөздіктердің ортасында отырып, ежіктеп окисын. Солардың бірі – «Қыш кітабындағы» мына шумақтың шешуін білмесең, түк түсінбейсің:

«Земля — это круг,
перечеркнутый тонким
крестом,
(ты — самое спелое яблоко
под зеленым листом),
четыре дуги
в центр глядят с четырех
сторон,
тебя сносит к центру,
и ты прерываешь сон».

Мұндағы иіндерден қак ортаға қарай бағытталған жебелер арқылы төрт бөлікке бөлінген шеңбер – көшпенді өмірдің нышаны. Жебелердің ұштары – «аяқтар». Ассирияны жаулап алған Ишпака хан одан «мүйіз» жасаған. Осы екеуі үлкен екі бөлімнің атауларына айналған.

Автор тарихтың түпсіз тереңіне бойлай білген: біздің жыл санауымызға дейінгі VII ғасырда өрбіген оқиға бұл. «Шеттен» ортаға қарай ойысқан адамзаттың жолын нұсқаған білім-ғажайыпты өткерген Ишпака зияткерлік күресіне қоса өзінің тайпаластарына, Дулатқа және өзіне өлім жазасын кескен төрт судьяға қарсы шығып, өтеусіз сегіз «қылмыстың» шеңберінен шығып кетеді: тоғызыншысын тындырады.

Болат ҚОЖАХМЕТОВ.
(Жалғасы бар)

□ ТАБИҒАТ - АНАҢ, АИАЛА ОНЫ!



МАРАЛДАР ОСЫЛАЙ ЖОСАДЫ ЕКЕН...

Солтүстік өңірдің орманды алқаптарында бүгінде еркін жайылып жүрген маралдар осыдан шамамен 40 жыл бұрын әкелініп, жерсіндірілген. Уақыт өте келе олардың саны көбейіп, қазіргі таңда өңірдің табиғи фаунасының бір бөлігіне айналды. Қыстың қытымыр күндерінде жабайы жануарлардың аман қалуына қорықшылар ерекше үлес қосып келеді.

Қыста орман жануарларына қорек табу онай емес. Сондықтан суық түсе салысымен қорықшылар оларды қосымша азықтандыру жұмыстарын бастайды. Арнайы жабдықталған қоректендіру аландарына тұз, дәнді дақылдар, шөп және ағаш бұтақтарынан дайындалған «жасыл сыпырғыштар» қойылады.

Тұз жануарлардың ағзасын нығайтуға көмектесе, шөп пен дәнді дақылдар негізгі қуат көзі саналады. Ал қайың мен теректің бұтақтарынан дайындалған сыпырғыштар дәруменге бай қосымша азық ретінде пайдаланылады.

Бұрын өңірде «Красный бор» деген атаумен белгілі болған қорықшаның атауы өзгергенімен, атқаратын қызметі сол күйінде сақталған. Қазір бұл аумақ Жануарлар әлемін қорғау жөніндегі жедел қызметке қарайды. Мекеменің басты міндеті – жабайы жануарларды қорғап, олардың қыстан аман шығуына жағдай жасау.

«Мекеме 62,3 мың гектар аумақты алып жатыр. Қазіргі уақытта ол резервтік қор ретінде есептеледі. Қажет болған жағдайда аңшылық алқабы ретінде жекеменшікке берілуі де мүмкін. Былтыр жүргізілген санақ кезінде аумақта 1677 марал, 460-қа жуық доңыз және 1700-ге тарта сібір елігі тіркелген», – дейді мекеме директорының міндетін атқарушы Николай

Гусельников.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың тарихы өткен ғасырдың 70-жылдарынан басталады. Табиғатты қорғау саласында 47 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан Николай Гусельниковтың еңбек жолы да осы жерден басталған.

«1979 жылы өңірге алғаш рет қабандар әкелінді. Ал 1982 жылы 20 бас маралды қоныстандырдық. Содан бері олардың саны көбейді. Қазір маралдар Айыртау ауданында да кездеседі», – дейді маман.

Қорықшылар қыс басталмай тұрып, жануарларға қажетті жемшөп қорын алдын ала дайындайды. Өткен жылы бұл максатта 98 тонна жем, 100 тоннаға жуық шөп және 11,5 мың «жасыл сыпырғыш» әзірленген.

Бұл мекемеде еңбек ететіндердің арасында табиғатты қорғауды отбасылық кәсіпке айналдырғандар да бар. Солардың бірі – орманшы-қорықшы инспектор Руслан Құсайынов. Мекемеде оның атасы мен әкесі де жұмыс істеген.

Қорықшының айтуынша, биылғы қыс жануарларға жайлы болған. «Қар қалың жаумағандықтан, тұяқты жануарлар қорегін өздері табуға тырысады. Соған қарамастан біз оларды қараусыз қалдырмай, күн сайын арнайы аландарға жемшөп жеткізіп тұрдық. Мекемеде жеті қоректендіру алаңы бар. Маралдар әдетте үйірімен келіп тамақтанады», – дейді қорықшы.

Руслан Құсайыновтың айтуынша, маралдардың мүйізі жыл сайын түсіп, қайта өседі. Әр жылы бір тармақ қосылып отырады, сол арқылы жануардың жасын анықтауға болады. Маралдар көктемнің, әдетте мамырдың соңы мен маусымның басында төлдей бастайды.

Акерке ДӘУРЕНБЕКҚЫЗЫ,
(«Soltüstik Qazaqstan».)



Иранның жаңа жоғарғы көшбасшысы осы лауазымға сайланғаннан кейін алғаш рет көпшілікке мәлімдеме жасады. Ол әскерді өңірдегі АҚШ базаларына соққыны жалғастыруға шақырды.

Моджтаба Хаменеидің мәлімдемесі мемлекеттік теларнаның эфирінен таратылды, мәтін сонымен қатар жергілікті БАҚ-та да жариялан-

ИРАН БАСШЫСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ды. Ол камераның алдына өзі шыққан жоқ.

– Жауынгер бауырлар! Халық қорғануды талап етіп отыр. Ормуз бұғазы сияқты қысым көрсету құралын бұдан әрі де қолдана беру керек, – деді жаңа сайланған аятолла. Сондай-ақ ол Иранның сыртқы агрессияға берілмейтінін айтқан.

Сонымен қатар аятолла өзінің әйелі көз жұмғанын, ал 28 ақпан күні АҚШ пен Израильдің алғашқы операциясы күні әпкесі мен оның күйеуінің

және баласының мерт болғанын растады.

Кіші Хаменеі өзі сайланғаннан соң ел алдына шыққан жоқ және бүгінге дейін мәлімдеме жасаған емес. Осыған дейін БАҚ өкілдері Иранның жаңа көшбасшысының Америка мен Израильдің жақында жасаған шабуылдарынан жарақат алғанын жазған болатын. Иранның сыртқы істер министрілігінің хабарлауынша, аятолланың жағдайы жақсы және қауіпсіз жерде.

Өзбекстанның Қашқадария облысының Көкдала ауданына Әндіжан облысынан келін болып түскен Насибахан Ибрагимованың қыз жасауы әлеуметтік желілерде қызу талқыланды. Себебі оның қыз жасауына 800 кітап қоса берілді.



ЖАСАУЫ – КІТАП

Күйеуі Миржалол Махмарайимов болашақ әйелімен бірге бірнеше жыл бойы кітап жинап келгенін, ал үйлену тойынан кейін жас жұбайлардың бірлескен кітапханасындағы кітаптар саны 1,5 мыңға жеткенін мәлімдеген.

– Біз 3 жыл кездесіп, бірге кітап оқыдық, жинадық. Сондай-ақ кітаптарды онлайн сата бастадық. Жеке кітапханамыз болуын армандадық. Үйлену тойына дейін ол жинаған кітаптарын менің үйіме әкелді.

Содан кейін біз сөре жасап, жеке кітапхана салдық, – дейді Миржалол.

Отбасының жеке кітапханасы Көкдала ауданының Шорқұдық ауданындағы Миржалолдың үйінде орналасқан.

– Кітапханамыздың суреті интернетте кездесіп тұрады. Бұл Зүлфия атындағы мемлекеттік сыйлыққа (жас таланттарға берілетін сыйлық – ред.) өтініш берген кезде тіркелген сурет еді, оны блогер таратты, – дейді Миржалол.

АҚШ-та алғаш рет жүргізілген клиникалық зерттеу көрсеткендей, плацентадан алынған бағаналы жасушаларды жүктілік кезінде ұрықтың жұлын аймағына қолдану жұлын жарығының (spina bifida) ауыр түрімен туатын балалардың жағдайын жақсартуы мүмкін.

ЖАТЫРДА ЖАСАЛҒАН ОТА

Зерттеуді АҚШ-тағы Калифорния университетінің (Дейвис) феталдық және неонаталдық хирургия маманы Диана Фармер басқарды. Оған алты жүкті әйел қатысқан. Нәзік жандардың іштегі сәбилеріне миеломенингоцеле диагнозы қойылған. Бұл – жұлын жарығының ең ауыр түрі, ол сал болып қалуға, ми зақымдануына әкелуі мүмкін.

Операциялар жүктіліктің 24-25 аптасында жасалған. Ешқандай асқынулар тіркелмеген. Балалар шамамен 34-аптада дүниеге келген.

«ҮЛКЕН ЖЕТІЛІКТІҢ» ШЕШІМІ

«Үлкен жетілік» елдері Таяу Шығыстағы кемелердің емін-еркін қозғалуына жағдай жасау мақсатында ортақ келісімге келді. Бұл туралы қактығыстың экономикалық салдарына арналған видео-конференцияда Франция президенті Эмманюэль Макрон мәлімдеді. Ол кеме жүрісін қалпына келтіру жұмысы 3 бағытты қамтитынын жеткізді. Яғни өз күштерін Жерорта теңізінің шығысына орналастырып, Қызыл теңізде Суэц каналынан Баб әл-Мандеб бұғазына дейінгі аралықта кеме қатынасына жол ашу көзделіп отыр. Сондай-ақ Ормуз бұғазындағы кемелердің емін-еркін өтуі үшін әскери-теңіз күштерін жұмылдыру қарастырылған.



ЭФИОПИЯДАҒЫ АЛАПАТ НӨСЕР

Эфиопияның оңтүстігінде жауған нөсер жауын салдарынан кемінде 70 адам құрбан болып, шамамен 50 адам хабар-ошарсыз кеткен. Жергілікті билік өкілдерінің хабарлауынша, апат Гамо аймағындағы Гача-Баба, Камба және Бонке аудандарында болған. Құрбан болғандардың басым бөлігі топырақ үйіндісінің астында қалған. Елде жаңбыр маусымы аяқталар емес. Осы кезеңде сел мен су тасқыны жиі тіркеледі. Екі жыл бұрын оңтүстіктегі көшкін салдарынан 229 адам қаза тапқан еді.

Соңғы күндері қатты жауын-шашын Шығыс Африканың басқа елдерін де қамтыды. Көршілес Кенияда бір күнде қатты нөсерден ондаған адам қаза тапты.

Соңғы 20 жылда Шығыс Африкада экстремалды құрғақшылық пен қатты жауын-шашынның жиілеуі адам әрекетінен туындаған климаттың өзгеруімен байланысты болуы мүмкін екенін бірқатар зерттеулер көрсетіп отыр.

QYSQA QAIYRĞANDA

Лев Толстойдың әйгілі «Соғыс және бейбітшілік» романының алғашқы басылымы Литфонд аукционында 1,6 млн. Ресей рубліне сатылды.

Аукцион қорытындысы бойынша сатып алушылар ұсынылған лоттардың 80 пайыздан астамын иеленді. Жалпы сатылым көлемі 35 млн. рубльден асты. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл жоғары нәтиже коллекционерлер мен музей мекемелерінің сирек кітаптарға, тарихи құжаттарға және автографтарға деген қызығушылығын дәлелдейді.

Газ тапшылығы Үндістандағы кәсіпкерлерді тығырыққа тіреді. Елдегі мейрамханалар тамақты отқа пісіріп жатыр. Өйткені балондағы газдың бағасы 55 долларға жуықтады. Шығын көбейген соң көптеген мейрамхана ыстық тамақ дайындамайтын болған. Үндістандағы газ тапшылығы Ормуз бұғазындағы кеме қатынасы шектелген соң туындап отыр.

Мемлекет жыл сайын 31 миллион тоннадан астам сұйытылған мұнай газын тұтынады. Оның 60 пайызы – импорт.

Израиль Ливанды тағы дронмен атқылады. Бұл жолы университет, жағажай мен әкімшілік ғимаратты нысанаға алған. Ресми Тель-Авивтің хабарлауынша, аталған ғимарат – «Хезболламен» байланысты қаржы компаниясының кеңсесі. Шабуылдан бес адам қаза тапты. Құрбандар арасында Ливан университеті Ғылым факультетінің деканы, тағы бір профессор мен сәби бар. Ал кеше таңнан бастап жасалған соққылардан ажал құшқандар саны 56-ға жетті. Тағы 188 адам жараланған. Израиль негізі «Хезболлаға» тиесілі нысандарды көздеді деп ақталып жатыр.

Биыл Нигерияның 35 млн. тұрғыны аштыққа ұшырауы мүмкін. Олардың 3 млн.-нан астамы – бала. Елдің кей аймақтарында қарулы топтардың шабуыл-

дары мен қуаңшылықтан азық-түлік тапшылығы мәселесі ушығып барады. Ал халықаралық ұйымдар мен ірі донор елдердің гуманитарлық көмекті қысқартуы жығылғанның үстіне жұдырық болды. Нигериядағы ахуалдың нашарлауына ең ірі донор АҚШ көмегінің күрт азаюы әсер еткен. Құрама Штаттар билігі әдетте халықаралық ұйымға бөлетін 8-13 млрд. доллар қаржыны 2 млрд.-қа дейін азайтқан. Бұл қаражат Нигерияны қоса алғанда, аштықтан ең көп зардап шегіп жатқан 17 елге үлестіріледі. Биыл сол ақшадан Нигерияға 516 миллион доллар бөлінген еді. Бірақ бұл көмек небәрі екі жарым миллион адамды тамақтандыруға жетеді.

Әлемдік нарықта мұнай бағасы қайта қымбаттады. «Brent» маркалы мұнайдың құны шамамен 100 долларға жетіп, бір күнде 9 пайызға өсті. Ал «WTI» маркалы мұнай 94 доллардан саудаланып жатыр. Апта басында мұнай бағасы бір баррель

үшін 119 долларға дейін көтерілген еді. Алайда АҚШ президенті Дональд Трамп Иранмен соғыстың жақын арада аяқталуы мүмкін екенін айтқаннан кейін баға қайта төмендеді. Жағдайға байланысты бірқатар мемлекет стратегиялық мұнай қорын пайдалануға шешім қабылдады.

Ғалымдар адамзат тарихындағы көне жұлдызды аспан карталарының бірін қалпына келтіруге кірісті. Халықаралық зерттеушілер тобы ортағасырлық пергаментті рентгендік сканерлеу арқылы зерттеп жатыр. Бұл пергаменттің астында көне дәуірге тиесілі жұлдыздар каталогы жасырынған.

Зерттеушілердің болжамынша, картаның авторы – б.з.д. шамамен 190-120 жылдары өмір сүрген ежелгі грек астрономы Гиппарх. Ол Батыс ғылымында жұлдыздар каталогын алғаш жасаған ғалымдардың бірі саналады. Сондай-ақ ол Күн мен Айдың аспан кеңістігіндегі қозғалысын анықтаған.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ПЕТРОКОМПАНИ» ЖШС Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданында орналасқан Сергеевский-2 кен орнының метаморфты жыныстарды (кварцит, киыршық тас қабығының күйіне дейін) өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, Сергеевка қаласы (географиялық координаттары 53.888542 С. Е., 67.416271 Ш. Б.).

Учаске орталығының географиялық координаттары: 53 47 36,24 с. е., 67 23 27,09 ш. б.

Қоғамдық тыңдаулар 30.04.2026 ж. сағат 11:00-де Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, Сергеевка қаласы, Победа көшесі 25 (мектеп ғимараты) мекенжайында өтеді.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Тыңдаулар гибриді форматта өткізіледі, қатысу үшін мына мекенжайға келу немесе «ZOOM Meeting Cloud» қосымшасын жүктеу қажет. Конференцияны сәйкестендіру: 4139456516. Күпиясөз: 777 (<https://us05web.zoom.us/j/4139456516?pwd=eEFKc0N1WmQ1d0Jybmg1WGdqU0Q4UT09>).

Бастамашысы – «ПЕТРОКОМПАНИ» ЖШС, БСН: 181040021377, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев көшесі, 337 үй тел.: 87769999989. e-mail: retro090625@mail.ru.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС (лицензияны 01.08.2013 ж. №01583Р, «Экологиялық реттеу және бақылау комитеті» ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі берген), БСН: 100540015046, Кокшетау қаласы, Васильков шағынауданы, 4Г, тел.: 8 (707) 156 44 71, e-mail: alait2030@gmail.com.

Порталға сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat/press/article/?lang=ru>.

Жоспарланған қызмет туралы, қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ alait2030@gmail.com e-mail бойынша және 8 (707) 156 44 71 тел. арқылы жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады.

Жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізудің қамтамасыз етуге жауапты ЖАО – «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, Петропавл к., Парк к., 57в, тел.: 8 (7152) 53-36-40, электрондық мекенжайы: e.aitzhanov@sks.gov.kz.

«ПЕТРОКОМПАНИ» ЖШС Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданында орналасқан Сергеевский-2 кен орнының метаморфты жыныстарды (кварцит, киыршық тас қабығының күйіне дейін) өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына эмиссиялар нормативтерінің жобасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, калдыктарды басқару бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары экологиялық бөлімдерімен қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, Сергеевка қаласы (географиялық координаттары 53.888542 С. Е., 67.416271 Ш. Б.).

Учаске орталығының географиялық координаттары: 53 47 36,24 с. е., 67 23 27,09 ш. б.

Қоғамдық тыңдаулар 30.04.2026 ж. сағат 12:00-де Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, Сергеевка қаласы, Победа көшесі 25 (мектеп ғимараты) мекенжайында өтеді.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Тыңдаулар гибриді форматта өткізіледі, қатысу үшін мына мекенжайға келу немесе «ZOOM Meeting Cloud» қосымшасын жүктеу қажет. Конференцияны сәйкестендіру: 4139456516. Күпиясөз: 777 (<https://us05web.zoom.us/j/4139456516?pwd=eEFKc0N1WmQ1d0Jybmg1WGdqU0Q4UT09>).

Бастамашысы – «ПЕТРОКОМПАНИ» ЖШС, БСН: 181040021377, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев көшесі, 337 үй тел.: 87769999989. e-mail: retro090625@mail.ru.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС (лицензияны 01.08.2013 ж. №01583Р, «Экологиялық реттеу және бақылау комитеті» Қоршаған ортаны қорғау министрлігі берген), БСН: 100540015046, Кокшетау қаласы, Васильков шағынауданы, 4Г, тел.: 8 (707) 156 44 71, e-mail: alait2030@gmail.com.

Порталға сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat/press/article/?lang=ru>.

Жоспарланған қызмет туралы, қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ alait2030@gmail.com e-mail бойынша және 8 (707) 156 44 71 тел. арқылы жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады.

Жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізудің қамтамасыз етуге жауапты ЖАО – «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, Петропавл к., Парк к., 57в, тел.: 8 (7152) 53-36-40, электрондық мекенжайы: e.aitzhanov@sks.gov.kz.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «ПЕТРОКОМПАНИ» проводит общественные слушания по проекту «Отчет о возможных воздействиях» к плану горных работ на добычу метаморфических пород (кварцита, выветрелого до состояния щебенистой коры выветривания) месторождения Сергеевский-2, расположенного в районе Шал акына Северо-Казахстанской области.

Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Северо-Казахстанская область, район Шал акына, г. Сергеевка (Географические координаты 53.888542 С.Ш., 67.416271 В.Д.).

Географические координаты центра участка: 53 47 36,24 С.Ш., 67 23 27,09 В.Д.

Общественные слушания состоятся 30.04.2026 г. в 11:00 ч. по адресу: Северо-Казахстанская область, район Шал акына, г. Сергеевка, улица Победы 25 (здание школы).

Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Слушания будут проведены в гибридном формате, для принятия участия необходимо прийти по адресу или скачать приложение «ZOOM Meeting Cloud». Идентификация конференции: 4139456516. Пароль 777 (<https://us05web.zoom.us/j/4139456516?pwd=eEFKc0N1WmQ1d0Jybmg1WGdqU0Q4UT09>).

Инициатор – ТОО «ПЕТРОКОМПАНИ», БИН: 181040021377, Северо-казахстанская область, город Петропавловск, ул. Нұрсұлтан Назарбаев, д. 337 тел.: 87769999989. e-mail: retro090625@mail.ru.

Разработчик проектной документации ТОО «АЛАИТ» (лицензия №01583Р от 01.08.2013 г., выдана Министерством охраны окружающей среды РК «Комитет экологического регулирования и контроля»), БИН: 100540015046, г. Кокшетау, микрорайон Васильковский 4Г тел.: 8 (707) 156 44 71, e-mail: alait2030@gmail.com.

Ссылка на портал: <https://ndbecology.gov.kz> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat/press/article/?lang=ru>.

Можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности, при проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности по e-mail: alait2030@gmail.com и по тел.: 8 (707) 156 44 71.

МИО ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний – КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Северо-Казахстанской области», г. Петропавловск, ул. Парковая 57в, тел. 8 (7152) 53-36-40, электронный адрес: e.aitzhanov@sks.gov.kz.

ТОО «ПЕТРОКОМПАНИ» проводит общественные слушания к плану горных работ на добычу метаморфических пород (кварцита, выветрелого до состояния щебенистой коры выветривания) месторождения Сергеевский-2, расположенного в районе Шал акына Северо-Казахстанской области с экологическими разделами: Проект нормативов эмиссий, Программа производственного экологического контроля, Программа управления отходами, План мероприятий по охране окружающей среде.

Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Северо-Казахстанская область, район Шал акына, г. Сергеевка (Географические координаты 53.888542 С.Ш., 67.416271 В.Д.).

Географические координаты центра участка: 53 47 36,24 С.Ш., 67 23 27,09 В.Д.

Общественные слушания состоятся 30.04.2026 г. в 12:00 ч. по адресу: Северо-Казахстанская область, район Шал акына, г. Сергеевка, улица Победы 25 (здание школы).

Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Слушания будут проведены в гибридном формате, для принятия участия необходимо прийти по адресу или скачать приложение ZOOM Meeting Cloud. Идентификация конференции: 4139456516. Пароль 777 (<https://us05web.zoom.us/j/4139456516?pwd=eEFKc0N1WmQ1d0Jybmg1WGdqU0Q4UT09>).

Инициатор – ТОО «ПЕТРОКОМПАНИ», БИН: 181040021377, Северо-казахстанская область, город Петропавловск, ул. Нұрсұлтан Назарбаев, д. 337 тел.: 87769999989. e-mail: retro090625@mail.ru.

Разработчик проектной документации ТОО «АЛАИТ» (лицензия №01583Р от 01.08.2013 г., выдана Министерством охраны окружающей среды РК «Комитет экологического регулирования и контроля»), БИН: 100540015046, г. Кокшетау, микрорайон Васильковский 4Г тел.: 8 (707) 156 44 71, e-mail: alait2030@gmail.com.

Ссылка на портал: <https://ndbecology.gov.kz> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat/press/article/?lang=ru>.

Можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности, при проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности по e-mail: alait2030@gmail.com и по тел.: 8 (707) 156 44 71.

МИО ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний – КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Северо-Казахстанской области», г. Петропавловск, ул. Парковая 57в, тел. 8 (7152) 53-36-40, электронный адрес: e.aitzhanov@sks.gov.kz.

QARJY NARYŪY

УАҚЫТЫНДА ТӨЛЕНСЕ,
ЖЕҢІЛДІК БАР

Шағын бизнеспен айналысатын кәсіпкерлер салық берешегін 31-ші наурызға дейін толық төлеуі тиіс. Сонда өсімпұлдар мен айыппұл жойылады. Мемлекет іскер жандарға осындай жеңілдік ұсынып отыр. Қазіргі таңда Петропавл қаласы бойынша 1300-ден астам тұлғаның өсімпұлы есептен шығаруға жатады. Жинақталған сома 260 млн. тенгеге жуықтайды. Ал егер азамат міндетті орындауға құлық танытпаса, онда өсімпұлдар заңды түрде төленуге тиіс қарыз ретінде қаралады. Шоттарға шектеу қойылуы мүмкін, тендерлер мен мемлекеттік саытып алуға қатысу қиындайды.

Түбінде бұл әкімшілік жауапкершілікке әкеліп соқтырады.

– Қазірдің өзінде 150-ге жуық салық төлеуші берешегін төлеп, өсімпұлдан босатылды. Тиісті науқан наурыз айының соңына дейін жалғасады. Қосымша сұрақтар туындаған жағдайда тұрғындар Петропавл қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына хабарласа алады, – деді Петропавл қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары Ағыбай Байболов.

Данагүл ҮРТЕМШ,
«Soltüstik Qazaqstan».

Сенім телефоны

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және мемлекеттік қызметшілердің Әлеп кодексінің бұзу фактілері туралы хабарлау үшін 46-56-48 сенім телефонын хабарлайды.

Сонымен қатар басқарма қызметі туралы ақпаратты www.gov.kz/memleket/entities/zsp-uzkzsp ресми сайтынан табуға болады, виртуалды қабылдау бөлмесі арқылы немесе zsp@sks.gov.kz электрондық мекенжайға жібере отырып, сұрақтарыңызды қоя аласыздар.

Басқарма басшылығының азаматтарды қабылдау кестесі: Басқарма басшысы Р.С. Елжасов – ай сайын, айдың екінші сәрсенбісі күні, сағат 11:00-ден 12:00-ге дейін;

Басқарма басшысының орынбасары: А.К. Сейітов – ай сайын, айдың төртінші сәрсенбісі күні, сағат 11:00-ден 12:00-ге дейін.

Мекенжайымыз: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Абай көшесі, 64, телефоны: 46-56-48.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің әлеп кодексінің бұзу фактілері туралы ақпарат беру үшін 46-95-76, 46-22-64 сенім телефонын хабарлайды.

«СҚО әкімдігінің ветеринария басқармасы» КММ 8(7152) 42-57-14 сенім телефонын хабарлайды. Басқарманың ресми сайтының мекенжайы www.urvet.sks.gov.kz, сондай-ақ басқарма басшылығының азаматтарды қабылдау уақыттары:

Басқарма басшысы Ж.Қ. Әміржанов – сәрсенбі сағат 15:00 ден 17:00-ге дейін, жұма сағат 11:00-ден 13:00-ге дейін.

Басшының орынбасары О.Ә.Болыспаев – бейсенбі сағат 15:00-ден 17:00-ге дейін.

Eske alu



1932 жылдың 17 наурызында Шал ақын ауданының Шортай ауылында дүниесігін ашқан асқар таудай ардақты әкеміз, қадірлі қайын ағамыз, **Сейтқасым Рүстенұлы Байтеленов** бүкіл саналы ғұмырын туған жерінің көркеюіне, елінің игілігіне арнаған абзал жан еді. Ол өзіне жүктелген әрбір істі зор жауапкершілікпен атқарып, адамгершілігімен, әділдігімен, айналасындағы жандарға деген қамқорлығымен ел-жұртының, әріптестерінің ерекше құрметіне бөленді.

тыға қактырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, еңбекке баулып, өмірге тәрбиелеп, тура жол көрсетті. Бізге адалдықты, еңбексүйгіштікті, бірлік пен мейірімділікті үйретті. Әрқайсымыздың өмірден өз орнымызды тауып, ел қатарлы ғұмыр кешуімізге жол ашты.

Біз ата-анамыздың мейіріміне бөленіп, отбасының шынайы бақыты мен жылуын сезініп өстік. Олардың айтқан ақыл-кеснесі мен өмірлік өнегесі әлі күнге дейін санамызда жаңғырып тұр. Бүгінде сол тәлімнің арқасында өсіп-өніп, үлкен әулетке айналдық. Әке-шешемізге деген перзенттік алғысымыз бен шексіз құрметіміз жүрегімізде мәңгі сақталады.

Жыл сайын ата-анамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын деп Құран бағыштап, рухтарына дұға арнаймыз.

Жатқан жерің жұмақ болсын,

Топырағың гүлденген құрақ болсын, Сағынышпен әрқашан еске аламыз,

Жұмақ төрі өзіне тұрақ болсын!

Сағынышпен еске алушылар: **ұлдары мен келіндері, қыздары мен күйеу балалары, немерелері, жиеңдері және шөберелері.**

ЕРБОЛ ХАМИТОВ – ПАРАЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ!



1-бетте

Спортшыны айтулы жеңісімен облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов құттықтады. «Жерлесіміз Ербол Хамитовті 2026 жылғы қысқы Паралимпиада ойындарындағы жарқын жеңісімен шын жүректен құттық-

таймын! Парабатлоннан спринт-пасьют сайысында Ербол нағыз кайсарлық пен жоғары шеберлік көрсетті. Бұл жеңіс – Солтүстік Қазақстан облысы ғана емес, бүкіл еліміз үшін үлкен мақтаныш. Чемпионға зор денсаулық, алдағы уақытта жана жеңістер мен жарқын жетістіктер

тілеймін!» – деп жазды өңір басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында.

Ербол Хамитов 19 жасына дейін грэпплинг пен джиу-джитсу сияқты спорт түрлерімен кәсіби деңгейде айналысқан. Алайда 2017 жылы спортшы ауыр жарақат алып, дәрігерлер оның сол аяғын ампутациялауға мәжбүр болды. Қиындыққа қарамастан Ербол спорттан қол үзген жоқ. Ол жаттығуын жалғастырып, 2019 жылы грэпплингтен Азия чемпионатында күміс жүлдеге ие болды, сондай-ақ UWW нұсқасы бойынша өткен Азия чемпионатында алтын медаль жеңіп алды.

«Ел сенімін арқалап барған додада алтын медаль еншілеп, жанкүйерлерімнің үмітін ақтай алдым деп ойлаймын. Бұл медаль – ұзақ жылғы еңбектің жемісі», – дейді Ербол Хамитов.

Акерке ДӘУРЕНБЕКҚЫЗЫ,
«Soltüstik Qazaqstan».

AKSIA



НАУРЫЗДАҒЫ НАУҚАН

Елімізде Наурыз мерекесіне орай «Nauruz Sale» акциясы басталды. Оның аясында бірқатар азық-түлік және басқа да тауарлар тұрғындарға 10–70 пайыз жеңілдікпен ұсынылуда.

Бастама отандық өндірушілерді қолдауға, ішкі сауданы ынталандыруға бағытталған. Акциялық тауарлар сауда залдарында арнайы «Nauruz» фирмалық белгісі арқылы белгіленуде. Акцияға ішкі сауда саласының шамамен 300 субъектісі қатысуда. Олардың қатарында 140 сауда үйі мен сауда-ойын-сауық орталығы бар. 140 сауда желісі және 20 электрондық сауда субъектісі де науқанға қосылады деп жоспарланған.

23 наурызға дейін жергілікті тұтынушылар «Северный», «Семейный», «Magnum», «Aimer» сауда желілері мен «Айсберг» супермаркетінен өнімдерді әдеттегіден төмен бағаға сатып ала алады. «Пирамида», «Рахмет», «City Mall», «Dostyq Mall»-да да баға күндегіден арзан болмақ. Сонымен қатар мерекеге орай сауда орындары арасында «Үздік цифрлық безендіру», «Үздік цифрлық құттықтау», «Жасанды интеллектіңізді үздік пайдалану» және «Ең креативті Digital-жоба» аталымдары бойынша байқау өтеді.

Еркін ЖАҢАЛЫҚ.

QAIYRYMDYLYQ

АППАҚ ПАРАҚ, АҚ ТІЛЕК

Облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Nauruz day» мерекелік акциясы ұйымдастырылды. Бұл күні балалар ақ параққа тілектерін жазып, үстел үстіне қалдырды. Бүлдіршіндердің арманын ересектер орындады. «Біз мұндай акцияны Жаңа жыл қарсаңында ұйымдастырған едік. Қала тұрғындары 400 баланың тілегін орындауға

кол ұшын созды. Сәбилердің ақ ниеті ұлық мереке – Наурыз қарсаңында да орындалады деп сенеміз», – деді акцияны ұйымдастырған қалалық жастар ресурстық орталығының жетекшісі Дамир Абдин.

Самрат ҚҰСКЕНОВ,
«Soltüstik Qazaqstan».

JAŃYMDY JAŃALYQ

ҚҰТҚАРУШЫЛАРҒА КӨМЕКШІ

Өңірде аса қауіпті жағдайда өртті сөндіруге арналған робот техникасы қолданыла бастады. Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, техниканы Петропавлдағы «С.М. Киров атындағы зауыт» АҚ-ы құрастырып, құтқарушыларға сыйға тартқан.

Робот өрт сөндірушілердің өміріне қауіп төнетін жерлерде жұмыс істейді. Қазір техника Петропавлдағы №5 мамандан-


дырылған өрт сөндіру бөлімшесінде кеңінен қолданылуда.

«Робот шынжыр табанды болғандықтан, кез келген жолмен еркін қозғала алады. Сонымен қатар оның жарық шамдары мен камералары бар. Камералар арқылы операторлар роботты қашықтан бақылап, басқарады. Роботқа су арнайы өрт сөндіру көліктерінен беріледі, ал ол суды бірнеше тәсілмен шашып, өртті сөндіреді», – дейді бөлімше ко-

мандирі Қайырнас Қайырбек.

Құтқарушылардың айтуынша, робот негізінен мұнай өңдеу зауыттары мен ірі өнеркәсіп орындарында, сондай-ақ жарылыс қаупі бар аймақтарда өрт сөндіруге арналған. Ол арнайы пульт арқылы басқарылады, ал роботты басқару радиусы 40 метрден асады.

Акерке ДӘУРЕНБЕКҚЫЗЫ,
«Soltüstik Qazaqstan».



SOLTÜSTİK
QAZAQSTAN

Газет мемлекеттік
ақпараттық саясатты
жүргізуде ресми басылым
болып табылады.

Директор
Ербақыт АМАНТАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі тел.: 50-09-14

Бас редактор
Нүргүл ОҚАШЕВА,
тел.: 8-702-887-44-40, 50-15-47

Бас редактордың
орынбасары
тел.: 8-775-292-93-81, 50-09-15

Жауапты хатшы
тел.: 8-705-463-13-29, 50-09-15

Қоғамдық-саяси бөлімі
тел.: 8-777-197-14-06, 50-29-54

Экономика бөлімі
тел.: 8-705-641-91-72, 50-29-54

Руханият бөлімі тел.:
8-703-335-60-12, 36-01-82

Есеп бөлімі
тел./(факс): 8-707-455-93-48,
53-11-00

Газеттің меншік иесі және шығарушысы:

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Қызылжар-Ақпарат»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Петропавл қаласы).

«Soltüstik Qazaqstan» газеті 2024 жылдың 19 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ88VPY00108346 куәлігін алған.

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

«Soltüstik Qazaqstan»-да жарияланған материалды көшіріп басқан кезде газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакцияның тапсырысы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды.

А – материалдың жариялану ақысы төленген.
Бағасы келісімді.

Редакцияның мекенжайы:
150000 Қазақстан Республикасы, Петропавл қаласы, К.Сүгішев көшесі, 7.
Электронды пошта «kyzylyzhar_akparat@mail.ru»

Газетке 1970 жылы
«Құрмет белгісі» ордені беріліп,
2023 және 2025 жылы Қазақстан
Республикасы Президентінің Алғысы
жарияланды.

Тапсырыс 132

Газет «Қызылжар-Ақпарат»
ЖШС-ның компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
«Газетный двор» жауапкершілігі шектеулі се-
ріктестігінің баспаханасында басылды (Петропавл
қаласы, Ғ.Мүсірепов көшесі, 34 «В»).

Көлемі 3 баспа табақ.

ТАРАЛЫМЫ 8706

Немірдің кезекші редакторы:
Ө.ЕСҚАЛИ